

МӘСКЕУДЕ ҒАРЫШТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мәскеуде «Скол-ково» инновациялық орталығы телекоммуникация, ғарыш және ядролық технология, биомедицина сынды заман талабына сай 50 жобаны Қазақстан нарығына әкелуге дайын. Бұл бастама туралы 22-23 қаңтар күні Мәскеу қаласына жұмыс сапармен барған Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев пен «Сколково» инновация орталығы басшылығының кездесу барысында айтылды. Келісім кезінде білікті мамандар даярлау аясын кеңейту де сөз болды.



Кездесу барысында қос тарап «Байқоңыр» кешенінде телекоммуникация және ғарыш саласын дамыту бойынша бірлесіп жұмыс істеу мәселесін талқылады. Нақтылап айтқанда, сөз кіші спутниктерді ұшыру туралы болды. «Сколково» орбиталық ұшыру орталығы мен Мәскеу авиациялық институтының алғашқы спутнигі 2016 жылдың қазан айында «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылады деп жоспарлануда.

Мәскеуліктер Қызылорда облысынан барған әріптестеріне Сколковск ғылым және технологиялар институтында жүзеге асырылып жатқан инженерлік білім берудің жаңа моделін таныстырды. Облыс әкімі Сколковск институтының магистрлік бағдарламасына қызығушылық танытты. Соңғы екі жылда Қызылорда облысының 320 жас өрені Мәскеу мен Санкт-Петербургтың инженерлік-техникалық білім беретін ошақтарында білім алып жатқандығын ескерсек, екі жақтық келісімнің пайдасы зор.

Мұнан бөлек облыс әкімі кәсіпкерлік ортаны дамыту жөніндегі экономикалық және әлеуметтік саладағы шаралар кешенін жүзеге асыру мақсатында РФ Үкіметі құрған «Стратегиялық бастамалар агенттігі» және «Ресейлік венчурлік компания» басшыларымен кездесу өткізді. Онда Ұлттық технологиялық бастамасы аясында қаржы және кадрлық даму бойынша негізгі технологиялар мен қажетті шараларды анықтау және дағдарыстық дағдылар иелерін қатыстыру механизмдерін енгізу бойынша жүйелік шешімдер қабылданады.

«WorldSkillsRussia» қорының бас директоры Р.Н.Уразовпен кездесу барысында еліміз тегін кәсіби білім беру жүйесіне көшуге байланысты кадрларды дайындау және кәсіби-техникалық білім жүйесін дамыту бойынша серіктестік мүмкіндіктері талқыланды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ӘНШЕЙІНДЕ АУЫЗ ЖАППАС...



Биыл – Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың туылғанына 150 жыл толады. Айтулы дата ЮНЕСКО көлемінде аталып өтпек. Мұндай шешім ЮНЕСКО Бас конференциясының 38-ші сессиясында мақұлданды. Алайда Ұлт көсемінің 150 жылдығын қазақ елінде атап өтуге бюджеттен көк тиын бөлінбеген деп хабарлайды NUR.KZ порталы «Ақжол» демократиялық партиясының ресми сайтына сүйене отырып.

2015 жылдың қазан айында экс депутат Азат Перуашев мәжілістің жалпы отырысында премьер-министр Кәрім Мәсімовке «Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын лайықты деңгейде өткізуіміз керек» деген тақырыпта депутаттық сауал жолдаған еді. Сол сауалға келген жауаптың түр-әлпеті мынадай екен: «Аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығы 2016 жылы республикалық деңгейде кеңінен атап өтіледі. Қазіргі уақытта қаржы-экономикалық ахуалға және бюджеттің қысқартылуына байланысты 2016 жылғы мерейтойлық іс-шараларды өткізуге арналған мақсатты қаржы қаражаты көзделмеген. Осыған байланысты, мерейтойлық іс-шаралар мемлекеттік органдардың ағымдағы жұмысы шеңберінде және бюджеттен тыс қаражатты тарту есебінен өткізілетін болады. Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойын мерекелеу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру мәселесі бойынша арнайы комиссия құрудың орынсыз екенін хабарлаймыз. Әлихан Бөкейхановтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында мемлекеттік органдарға тарихи тұлғаның мерейтойы құрметіне БАҚ-тарда кеңінен жариялай отырып, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, мәдени-көпшілік және басқа да әлеуметтік маңызды іс-шаралар өткізуге тапсырма берілді».

Қазақ айтады: «Әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас» дейді. Тәуелсіздік 25 жылдығы қарсаңында ұлт үшін туған дарабоздың мерейтойын өз деңгейінде атап өтпесек, елдігіміз қайсы? Шындығында, бүгінгі ұлан-байтақ жеріміздің шекарасын белгілеуде Әлихан бастаған арыстар тер төгіп, қан жұтты емес пе?

А.ҚАРА

Аңдатпа



**БАУЫРЖАН
МОМЫШҰЛЫ
ЖӘНЕ СОҒЫС
ШЫНДЫҒЫ**

6-бетте



**ӘУЛИЕЛІ
ӨҢІРДІҢ
ӘЛЕУЕТІ АРТЫП
КЕЛЕДІ**

8-11-беттер



**КИЕЛІ ҚАСҚЫРҒА
КЕЗЕНГЕН
МЫЛТЫҒЫМНЫҢ
ОҚТАРЫ
ШАШЫЫП
ҚАЛДЫ**

12-бетте

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі және ұлтаралық қарым-қатынасты зерттеумен айналысып келе жатқан ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Жанна Үркімбақызы Қыдыралинаның Мемлекет тарихы институтының «Ұлы Дала тұлғалары» сериясымен «Алимхан Ермеков» деп аталатын бірінші басылымы институт директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Ғ. Аяғанның редакциясымен жарық көрсе, енді міне оның жалғасы ретінде екінші басылымы «Алимхан Ермеков: судьба и время» атты ғылыми-көпшілікке арналған зерттеу еңбегі (Астана: «Фолиант», 2015. – 440 с.) Нартұлға сериясымен жарық көрді. Еңбекті аса құнды деп бағалауға болады. Өйткені, ғалым қазақ халқының біртуар азаматы Ә. Ермековтің ғұмырбаяндық өмір жолы мен қызметін жан-жақты зерделей білген.

XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Әлімхан Ермеков 79 жылдық ғұмырында (1891-1970 жж.) қазақ халқына нағыз жанашыр, қамқор тұлғалардың бірі және бірегейі болды. Сол себепті, жоғарыда есімі аталған автор оның өмір жолы мен қызметін зерттеу нысаны етіп алған. Бұл өте игі іс. Өйткені, тәуелсіздік

үшін күресіп, халқының азаттығын аңсаған алаш арысының бүкіл өмір жолы мен тағдыры елі және жерінің тағдырымен өте тығыз байланысты.

Тұлғаның өмір жолына қатысты автор оқиғаларды хронологиялық ретімен баяндаған. Мәселен, Әлімхан Әбеуұлы 1891 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында дүниеге келіп, 1899-1905 жылдары Қарқаралы қалалық училищесінде, 1905-1912 жылдары Семей ерлер гимназиясында оқып бітіргендігі. Одан кейін 1912-1917 жылдары Томск технология институтының тау-кен ісі факультетінде оқығандығын атап өткен.

Алаш азаматының сынақты кезеңді басынан өткізіп, Томск институтындағы оқуын уақытша үзіп, ел тағдырын ойлағандықтан қоғамдық-саяси істерге араласып, 1917-1919 жылдары «Алаш Орда» мүшесі болғандығы, одан кейін түрлі деңгейде қызметтер атқара жүріп, 1920 жылы Қазақ АКСР-нің территориясын межелеуде В.И. Лениннің алдында үлкен жиналыстарға қатысып, баяндама жасап, қазақ жерінің тұтастығының сақталуына атсалысып, ұлттық мүддені қорғаған айтулы азамат болды.

Жалғасы 2-бетте

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ЖАРЫҚ КӨРДІ

1938 жылы НКВД-ның құрығына ілігіп, Куйбышев қаласында тұтқындалып, Алматы қаласына жіберілген. 1939 жылы 28 ақпанда Қазақ ССР Шекара және Ішкі әскерінің әскери трибуналы тарапынан 58-1 а, 2, 8, 11 баптарымен «Халық жауы» ретінде бас бостандығынан айырылып, еңбекпен түзеу лагеріне 10 жыл мерзімге Красноярск өлкесінің Канск қаласындағы Енисейлагқа жіберілген. Одан 1947 шығып келгенде тағы қуғын-сүргінге ілігіп, 1948 жылы Шымкент қаласынан Алматыға ішкі түрмеге қылмысты деген айыппен тағы да 58 бап бойынша бас бостандығынан айырып, бұл жолы Коми АССР-нің Воркутлагына қамауға алынып, 1955 жылы ғана босатылған. Өмірінің 18 жылын түрмеде өткізген алаш арысы барлық қиындыққа мойымай, ауыр азапты жылдарды басынан өткізген.

Қазақ зиялысы бостандыққа шыққаннан кейін 1955-1958 жылдары Қарағанды политехникалық институтында қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Осындай қиындықтардан кейін аман қалған, өмірінің соңына дейін халқына қалтықсыз қызмет етіп, 1970 жылы дүниеден өткен Әлімхан Әбеуұлының қоғамдық-саяси, ғылыми және педагогикалық қызметі жөнінде Қазақстандық ғалымдар өз еңбектерінде жақсы атап көрсетіп келеді. Бірақ, осындай ірі және көлемді еңбек

жазылмаған еді. Сондықтан, мұндай игі істерді Алаш арыстарының рухына тағзым етудің бір жолы деп айтуға әбден болады.

Автор өз еңбегінде Алаш арыстарының өткен қиын соқтықпалы жолын және қызметін ерінбей, жалықпай саралай білген. Өте ыждағаттылықпен жазылған бұл еңбекте түрлі мұрағат қорларының тың құжаттары, танымал ғалымдардың ғылыми басылымдары, мақалалары және естеліктер пайдаланылған. Сондай-ақ, Әлімхан Ермековтің отбасылық мұрағаты да қарастырылып, ұрпақтарымен сұхбат жасаған.

Жалпы, Отандық тарих ғылымының саласы бойынша жазылған бұл еңбектің құндылығы жоғары. Қазақста: «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз осындай тұлғаларға арналғандай көрінеді. Қазақ халқының тәуелсіздігі жолында күрескен алаш арыстарының мұрасын және ғұмырбаянын зерттеу мен жазу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қала бермек. Өйткені, тірліктерінде, іріліктің қандай болатындығын дәлелдеп кеткен алаш азаматтарының ұлағатты сөздерін, мұраларын жаңғырту, халыққа насихаттау, ұлттық сананы нығайту қоғам алдындағы тарихшы қауымның қасиетті парызы деп білеміз!

Қ. ЕҢСЕНОВ,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институтының аға ғылыми
қызметкері, т.ғ.к.

Басы 1-бетте

ОҚИҒА

89 АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ



2015 жылы облыс көлемінде 381 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, онда 466 адам әр түрлі дене жарақатын алған. Өкінішке орай 89 адам жол апатынан көз жұмған.

Бұл көрсеткіш қала аумағында да көңіл көншітпейді. Өткен жылы қала көшелерінде 205 жол апаты тіркеліп, салдарынан 27 адам қайтыс болып, 233 адам жарақаттанған. Полиция қызметкерлері осы қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында қала көшелерін аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізу үстінде. Жол апатына қатысқан автокөлікті арнайы көлікке тиіп, тұрғындарға жол ережелерін қатаң сақтауды ескертті.

АЖАЛДАН АРАШАЛАП ҚАЛДЫ

Ағымдағы жылдың 23 қаңтарында сағат 17.30 шамасында Сұлтан Бейбарыс көшесінен өтіп бара жатырған жол-патрульді полиция батальонына «көпір үстінен белгісіз бір азаматтың секіріп кеткендігі» жөнінде хабарлама келіп түседі.

Аталған хабарлама бойынша Жол-патрульді полиция батальонының қызметкерлері полиция аға лейтенанты Жайсанбаев Шаттық, полиция аға сержанты Әшірбеков Бақытжан мен Нұртаев Нұрлыбек «Сырдария» көпіріне дереу жетіп, өзеннің ағысымен батысқа қарай ағып бара жатырған азаматты байқап қалады. Ауа-райының қолайсыздығына қарамастан сыртқы киімдерімен суға түсіп, азаматты құтқарып алады, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетеді. Оқиға басына жедел жәрдем қызметі шақырылып, азамат Қызылорда қалалық ауруханасына жеткізілді.

Азаматтың хал-жағдайы «жақсы» деп бағалануда, өміріне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ.

Қазіргі таңда, азаматтың бұл қадамға бару себептерін жан-жақты зерделеу мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Қызылорда ОПД баспасөз қызметі.



ҚЫСҚА-НҰСҚА

ДАРΙΑ СУЫН ІШУДІ ДОҒАРДЫ

Былыр - облыс орталығы 100 пайыз таза ауыз суға қосылды. Өткен жылдың желтоқсанынан бастап қала тұрғындары ішер суын бұрынғыдай дариядан емес, жерасты су көздерінен алуға көшті. Бұл мәселе «Дала» су тоғаны іске қосылғаннан кейін жүзеге асты. Қазіргі таңда су жүйесіндегі барлық 118 ұңғыма тынымсыз жұмыс істеп тұр. Олар тәулігіне 42,700 текше метр суды тұтынушыларға жібереді.

– Бұрындары «Қызылжарма» жерасты суын шаһардың іргелес жатқан кейбір аймақтары тұтынып келген болса, енді қала орталығындағы барлық тұрғындар толыққамтылды, – дейді «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің басшысы Нұржан Дихамбаев. - Су – ұнғымалар арқылы 430-450 метр тереңдіктен алынады. Ол дария суындай технологиялық тазартуды қажет етпейді. Ауыз судың мөлдірлігі, сапасы барлық санитарлық талаптарға сай, адам ағзасына ешқандай зияны жоқ.

Нысан «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында іске қосылды. Қазір қалаға беріліп тұрған судың сапасы бұрынғымен салыстырғанда, он есе жақсарған. Егер бұрын Сырдария өзенінің суын сүзгіден өткізгеннің өзінде 1 литрдегі кермектілігі 10 миллиграмм шамасында болса, қазір бұл көрсеткіш 1 миллиграммға дейін төмендеген.

КӨК ЖАЛҚАУҒА КӨМЕК ЖОҚ

Халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыру бағыты Елбасы ұсынған 100 қадамның 84-қадамында айқын көрсетілген. Қазіргі таңда әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру адамдарға берілетін болады. Яғни, тепсе темір үзетіндер жалқаулыққа салынып, үкіметке қол жайғанмен пайда жоқ. Ал, кірісі төмен еңбекке жарамды азаматтардың «Өрлеу» жобасына қатысуына мүмкіндік бар. Бұл тұрасында брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік көмек бөлімінің басшысы Ш.Алмашова хабарлады.

– Жоба аясында өткен жылдың 1 шілдесінен бастап әлеуметтік келісім шарттар негізінде шартты ақшалай көмек көрсету пилоттық жобасы Қызылорда қаласы мен Шиелі ауданында енгізілген. Нәтиже көңіл қуантарлықтай. Жоба – ай сайынғы төлем шартты ақшалай көмек көрсетумен қатар, жұмысқа орналасуға, мамандық алуға, қажет болғанда отбасының әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасайды. Бұл жобаға орташа айлық табысы жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен болатын отбасылар қатыса алады. Пилоттық жоба негізінде 2016 жылдың 1 қаңтарына Қызылорда қаласы мен Шиелі ауданы бойынша 168 адамға 5659,2 мың теңге ақшалай көмек тағайындалып төленді. Сондай-ақ, 15 адам тұрақты жұмысқа орналасты, 22 тұрғын қоғамдық жұмысқа тартылды, қайта даярлау курсынан 2 адам өтсе, 1 адам жастар тәжірибесіне жіберілді, - деді ол.

Айта кетейік, шартты ақшалай көмек көрсету пилоттық жобасы үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап облыстың қалған аудандарына да енгізілген.

КӨШЕНІҢ БӘРІ КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙДІ



Қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы көшелер еңсе тіктеп қалды. Әрине, бұл – төрт құбыла түгенделді деген сөз емес. Күн жауса, ми батпаққа айналып, жер кепсе шаңы аспанға көтерілетін жолдар жетерлік. Әсіресе, қаланың шет аймақтарында.

Қызылорда қалалық коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Марсбек Молдабаевтың айтуынша, өткен жылы қаладағы жалпы ұзындығы 21,04 шақырымды құрайтын 24 көшеге орташа жөндеу, қайта жаңғырту және ағымдағы жөндеу жұмыстарына бюджет-

тен 1,7 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Ал елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру мен қала көшелерінің түнгі жарықтарын қайта жаңғырту жұмыстарына 185 млн теңгеден астам қаражат игеріліпті.

Бөлім басшысының сөзіне сенсек, ағымдағы жылы қаладағы 11 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 16 жол белгісі мен 6 дыбыстық қондырғы орнатылмақ.

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Қызылорда қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Қожахмет Ілиясов журналистермен кездесуде өткен жылы облыс орталығындағы кәсіпкерлер саны артқандығын жеткізді.

Цифрмен айтсақ, қала бойынша қазір шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 26088 бірлікті құраса, оның 21546-сы тұрақты жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ, 15 шағын несие ұйымы бар. Олар арқылы 4173 жобаға 3 млрд 142 млн теңгенің шағын несие-сін беріп, нәтижесінде 1017 жаңа жұмыс орны ашылған. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы тарапынан ауылдық елді мекендегі кәсіпкерлерге берілетін шағын несие-лендіру бағдарламасына 33 жоба ұсынылған болатын. Қызылорда қаласынан жобалық құны 45,4 млн теңгені құрайтын 6 жоба қаржыландырылып, нәтижесінде 31 жұмыс орны ашылды.

Қаладағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі өткен жылдың қаңтар және қараша айларында 448893,3 млн теңгені құраған. Облыс бойынша өндірілген өнімнің 81,1 пайызы Қызылорда қаласының үлесінде. Өңдеуші өнеркәсіп саласында 21747,7 млн теңгенің өнімін өндірген.



Мұнайдың бағасы \$30-дан да төмендеді. Былтыр сарапшылар «Қазақстанда 1 АҚШ доллары 400 теңге болады» деп болжаған еді. Бүгінде сарапшылардың сөзі шындыққа айналып келеді. Әлемдік нарықта көмірсутегіне деген сұраныс азайып, саудадағы мөлшері көбейіп кетті.

Бұл туралы «Корреспондент» басылымы жазады.

Мұнай бағасының құлдырауы жаһандағы көптеген елдердің экономикасын тұрлатып, әлемдік нарықты теңселтіп тұр. Өткен аптада Еуропа мен Азиядағы ірі биржалардың индекстері игеруге келмей, төмендеп кетті. Қара ал-

мұнайдың баррелін \$0,60-қа, жерорта теңізі жағалауындағы елдерге әр барреліне 20 цент жеңілдік жасауға уәде берді. Оның бұл әрекеті осы аумақтарға мұнай сататын өзге бәсекелестерді нарықтан ығыстыруға саяды.

Мұнайдың арзандауының тағы бір себебі – экономикалық даму қарқыны бәсеңдеген Қытайдың ішкі нарыққа бейімделуге бет бұруы. Аспан асты елінің бұл әрекетін нарықтағы ойыншылар оны шикізат сұранысын айзайтпақ деп топшылап отыр. Салдарынан энергоресурс саласындағы сауда да суи түті.

Қара алтын арзандағанда Сауд Арабиясы сияқты мұнай алпауытының ахуалы мынау болса, Экономикасы сол шикізатқа тәуелді боп тұрған Қазақстанның халі не болмақ? Бізде бір баррель мұнай өндіруге



тын құнының төмендеуінің бір себебі шикізат нарығындағы «артық» сатушыларды ығыстыруда жатыр.

Мұнай бағасы 30 АҚШ долларының төңірегінде болуы көмірсутегін өндіретін көптеген елдерге тиімсіз. АҚШ-тың CNN арнасы келтірген дерек бойынша: Бразилияда бір баррель кара майды жердің бетіне шығару құны \$48,8 екен. Ал, Канадада бір баррель мұнайды өндіруге 41 доллар жұмсалады. АҚШ, Норвегия, Колумбия сынды елдерде бұл сома 35 пен 36,5 АҚШ долларының төңірегінде. Иран мен Біріккен Араб Әмірлігінде мұнайдың бір баррелін өндіру құны 12,3-12,6 доллар. Ал, Иракта – \$10,7, Сауд Арабиясында – \$9,9.

Нағыз кара алтын Кувейтте өндірілетін мұнай екен. Сапасы жағынан емес, өндіруге кететін шығын жағынан. Парсы шығанағындағы ел үшін бұл қаражат барреліне небәрі 8,5 АҚШ долларын құрайтын болып шықты.

Мұнай бағасының арзандауы Сауд Арабиясы секілді әлемдегі ірі мұнайлы алпауыттың экономикасын да тежеп тұр. Мемлекеттік кірістің 90 % мұнай саудасынан түсетін елде қазір бюджет тапшылығы 15 % төңірегінде. Мұнай бағасы құлдырап бара жатқаннан соң мұнда да қазына шығысы шектеліп, электр, ауызсу секілді өркениет белгілерінің бағасы өскен. Мұнайдан түскен ақшаға өмір сүріп үйренген арабтар үшін бұл тығырықтан шығар жол емес.

Бүгінде Сауд Арабиясының 45 миллион тоннаға жуық мұнай қоры бар. Соны сату керек. Оның үстіне бірталай жыл экономикалық бұғауда отырып, жаңа жылдан жаһандық нарыққа Иран шығып жатыр. Бұл онсыз да алушыдан сатушысы көбейіп кеткен мұнай базарында басы артық бәсекелес. «Иран мұнайын экспортқа шығарады» деген әңгіме былтыр басталғанда-ақ Brent бағасы арзандай бастаған-ды. Есебін тауып ресми Тегеранды нарықтан шеттетпек болған Әр-Рияд әрекетінен түк шықпады. Баға бәрібір арзандап кетті.

Қала берді, Сауд Арабиясының Agamco мемлекеттік мұнай компаниясы ақпан айында солтүстік-батыс еуропаға

\$27,8 жұмсалады екен. Ал, нарықтағы баға 30 долларға шақ тұр. Сонда өзімізге қалары екі ақ доллар ма? Сол қалғанның салығы ғана қазынаға түсерін ескерейік. Оған қоса, өндірілген өнімді өңдеуде де өкініштер баршылық. Бүгінде біздегі мұнайды алу коэффициенті 30% екен.

Сапасына келсек... Қазақ мұнайының сапасы онша емес деген – әфсана. Американдық мұнай институтының (IPC) мамандары осындай қорытындыға келген. Теңіз бен Қарашығанақ кеніштерінен алынатын майды зерттеген IPC сарапшылары оның Brent пен Urals-тың да сапасынан жоғары екенін айтады.

Осы екі кеніштен алынатын май қоспасына қатысты әлемдік мұнай жайлы әдебиеттерде CPC-blend деген термин пайдаланды. Бұл дегеніміз – біздің мұнайдың бағасы өзгелерден жоғары болуы тиіс деген сөз. «Онда сол мұнайды көп мөлшерде сатып, мына дағдарысты елді кинамай еңсеріп алайық» деген ой келуі мүмкін. Бағы төмен боп тұрған мына заманда мұнайды көп өндіріп, жер қойнауын қансыратқаннан басқа ұтарымыз шамалы. Бағаны тұрақтандыру үшін мұнай экспорттаушы елдер – ОПЕК Қазақстанға көмірсутегін өндіруді қысқарту туралы қолқа салыпты. Бірақ, былтырғы басқосуда сол ұйымның өзі ондайдан бас тартқан болатын. Онсыз да соңғы үш жылда бізде мұнай өндіру мөлшері қысқарып келеді. 2013 жылы елде 81,8 млн тонна мұнай өндірілген болса, 2014 жылы 81 млн. тонна өндірілген.

Бұл көрсеткіш былтыр тағы 1 млн. тоннаға қысқарған еді. Күніне 1,8 млн. баррель (әлемдік өндірістің 2%-авт.) мұнай өндіретін қазақ жерінде қарамай жетеді. Сарапшылардың айтуынша, Қазақстандағы мұнай қоры 11-12 миллиард тонна. Көптеген ғалымдар Қазақ жерінің қойнауындағы кара алтын қоры туралы сөз болғанда 76 миллиард тонна деген санды айтады. Ал, табиғи газ қорының көлемі 6 трлн м³.

Әлі қойнауы зерттелмеген аумақтар бар. Өкінішке орай, геологиялық зерттеу бізде әлі де кенде қалып отыр. Жеріміздің геологиялық картасын жасау жақында ғана қолға алынды.

ИРАНҒА ҚАРСЫ САНКЦИЯЛАРДЫҢ АЛЫНУЫ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАПАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Сарапшылардың пікірінше, санкциядан босаған Иранның мұнайы халықаралық нарықта қазақстандық көмірсутегі шикізатының саудасына әсер етеді деп хабарлайды Азаттық.

Батыс “Тегеран ядролық бағдарламасына қатысты мойнына алған халықаралық міндеттемелерді орындағандықтан” Иранға қарсы салған санкциясын алып тастады.

Осы кезге дейін халықаралық қауымдастық оқшау қалдырып келген Иран санциялар алынған соң шетелдік банктердегі өзіне тиесілі миллиардтаған долларға бағаланатын активтерге қол жеткізіп, мұнайын экспортқа шығаруға мүмкіндік алады. Санкция алынғаннан кейін Иран билігі күніне 500 мың баррельден астам мұнай шығаруға әзір екенін айтты.

Ираннан санкцияның алынуы халықаралық биржадағы мұнай бағасын одан әрі құлдиатты. Дүйсенбі күні Лондон қор биржасында Brent маркалы мұнайдың бір баррелі 27,72 доллардан сатылды.

ҚАЗАҚСТАНҒА НЕНДЕЙ ӘСЕРІ БАР?

Қазақстандық экономист Сергей Смирновтың айтуынша, Иранның санкциядан құтылуы мұнайы өзге елдермен салыстырғанда қымбаттау Қазақстанның халықаралық нарықтағы саудасына әсер етеді.

“Араб мұнайының өзіндік құны 10 доллардан кем. Иранда да сондай. Ресми дерек бойынша, біздің Теңізден шығатын мұнайдың бір баррелі – 20 доллар, Өзеннің мұнайы – 70-80 доллар, Қашаған мұнайы – 100 доллар”, – дейді экономист.

Оның айтуынша, Иран мен Сауд Арабиясы Еуропаға шығаратын мұнай көлемін ұлғайтуды көздеп отыр. Иран санкция барысында жоғалтқанын қайта қалпына келтіруге ұмтылса, Сауд Арабиясы Польша, Швеция сияқты жаңа тұтынушы тапқан. Бұл Қазақстанның халықаралық нарықтағы жағдайын шиеленістіре түседі.

“Ресей де мұнай бағасы баррелі 15 доллар болғанға дейін шыдас бере алатынын мәлімдеген. Ал Қазақстан мұндай бағаға келісе алмайды. Егер әрі қарай да мұнай бағасы арзандай берсе, экспорт көлемін азайтамыз. Мұнайды 10-15 долларға сата аламыз деп ойламаймын. Соның салдарынан бюджет азаяды, тағы басқа салдары болады”, – дейді экономист.

Экономист Сергей Смирновтың болжамынша, алдағы уақытта мұнай бағасы сәл қалпына келгенімен, Иран нарыққа шикізатын шығара бастаған кезде әрі қарай төмендей бермек.

МҰНАЙДА БӘСЕКЕЛЕС ЕКІ ЕЛДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

2015 жылы күзде өткен Қазақстан-Иран үкіметаралық жиынында екі ел арасындағы тауар айналымының жарты жыл ішінде 360 миллион долларға жеткені айтылды. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 37 пайызға кем. Экономистердің айтуынша, Ираннан санкцияның алынуы Қазақстан мен Иран арасындағы байланысқа да біраз әсер етеді.

Қазақстан мен Иран арасында жүк тасымалдаумен айналысатын компанияның есімін таныстырмаған өкілі «санкция алынғаннан кейін төлем процестерінің жеңілдей түсетінін» айтады.

“Шын мәнінде оның бізге әсері онша білінбейді. Тек бір нәрсе ғана – төлем жағы жеңілдейді. Енді Иранның тасымалдаушыларына ашық түрде ақша аудар аламыз, олар еркін қабылдай алатын болады. Бұрындары бұл қиын болатын. Бұл – кәдімгідей үлкен жеңілдік”, – дейді компания өкілі Азаттық тілшісіне.

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы қазіргі заман зерттеулері институтының директоры Мұхит-Ардагер Сыдықназаров «енді Қазақстан мен Иран арасындағы қарым-қатынас, әсіресе сауда жандана бастайды» деп есептейді.

” 2014 жылдың желтоқсан айында іске қосылған Қазақстан-Түркіменстан-Иран теміржол магистраліне байланысты Иран бағытында (тауар көлемі– ред.) көбейеді деген болжам бар. Бұл теміржол тармағы қазақстандық бидай экспортын ұлғайтуға бағытталған”, – дейді Мұхит-Ардагер Сыдықназаров.

Қазір Қазақстан Иранға негізінен бидай, бірқатар шикі мұнай өнімдері, бағалы металдар экспорттайды. Ал Ираннан Қазақстанға жеміс-жидек, көкөніс, тұрмыстық және құрылыс заттары импортталады.

«Қазақстанның Иранға ұсынатын заттары аз» екенін айтқан бұрынғы дипломаты Қазбек Бейсебаев екі елдің байланысы тек импортпен ғана шектелмеуі керек деп санайды.

“Қазір санкция алынды ғой. Иранда қазір Батыс Еуропаның өкілдері де толып жатыр. Өйткені ол жерде бизнес жасауға болады. Біздікілер де соған тырысуы керек. Иранмен саяси жағынан, сауда қарым-қатынас жағынан барлық жағынан жақсы, еш проблема жоқ. Бірақ оны дамыту керек”, – дейді ол.

2015 жылы 15 шілдеде Иран мен әлемдік «алтылықтың» Тегеранның ядролық бағдарламасына қатысты келіссөзі нәтижелі аяқталып, тараптар келісім жасасқан еді. Оған сәйкес Иран өз аумағындағы ядролық нысандарға Халықаралық атом энергиясы агенттігі (МАГАТЭ) тексерушілерін жіберуге, ал Батыс елдері Иранға салынған санкцияларды біртіндеп алып тастауға міндеттеме алған.

МАГАТЭ 16 қаңтарда Иран үкіметі ядролық бағдарламасына қатысты мойнына алған халықаралық міндеттемелерді орындағанын жариялаған.



Халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылғалы бері елдің қолы ұзарды. Бұрынғыдай сабылып жүрмей, бір жерден бірнеше шаруасын тындырып шығады. Халықтың ғана емес-ау, көптеген мемлекеттік мекемелердің жұмысы жеңілдеді. Бұл бір жағынан, бір жапырақ қағаз үшін есік күзеттіріп, одан қалды бірдене дәмепіп отыратын кейбіреулер үшін сауап болды. Қай кезде болмасын, нөпір халық кіріп-шығып жатқан мекеменің мамандарына алғыстан басқа не айтарсың?!

Халықпен жұмыс жасау – оңай емес. Басқа қалаларды қайдам, әйтеуір, Қызылордадағы қызметкерлердің қызметіне көңіл толады. Біз «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Аида Ибрагимқызымен сұхбаттасқан едік.

мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған Мамандандырылған ХҚКО тестілік режим-де іске қосылды. Наурыз айында өз қызметін бастаған орталық бүгінгі күнге дейін 20 600 құжат қабылдап, қала тұрғындарына сапалы қызмет ұсынды. Оның ішінде 74 жоғары сұранысқа ие нөмірлер сатылып, оның нәтижесінде мемлекет бюджетіне 24 млн. теңге қаражат түсті.

- Орталық мамандарының қоғамдық шаралардағы белсенділігі қандай?

- Филиал қоғамдық шараларға белсене қатысады. Атаулы мерекелерде

- Аида Ибрагимқызы, алдымен өткен жылы жасаған қызметтеріңізге тоқталып өтсек...

- Филиал өткен жылы 1 млн.-нан астам мемлекеттік қызмет көрсетті. Нақтырақ айтқанда, 1 млн. 272 870 қызмет, оның 20 608-і – электрондық форматта. Орталықта қазіргі уақытта 212 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Оның 191-і бұған дейін көрсетіліп келсе, 2015 жылы 21 жаңа мемлекеттік қызмет пилоттық режим-де іске қосылып, халықтың сұранысын қанағаттандыруда. Мәселен, жаңа қызметтерге «Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебі», «Электрондық салық төлеуші

1 МЛН.-НАН АСТАМ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



ретінде тіркеу есебі», «Салық және (немесе) өсімшұқар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту», «Кеден одағы шеңберінде тауарлардың экспорты (кезінде салықтық нысандарды қабылдау)», «Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханын өткізу», «Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және істалған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама беру», «өлшем қиралдарының типін бекіту туралы сертификат беру», «Метрологиялық аттестаттау туралы сертификат беру» т.б. секілді қызметтер жатады.

- Орталық қызмет тұтынушыларға қаншалықты жағдай жасап отыр?

- Жалпы, Халыққа қызмет көрсету орталығында аталған мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыларға қолайлы жағдай жасалған. Орталықта азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-үдеріс негізінде жүзеге асырылады. Кедергісіз қызмет көрсету мақсатында бірыңғай электрондық кезек енгізіліп, қызмет талон арқылы көрсетіледі. Әрбір тұтынушы өзіне қызмет көрсетілгеннен кейін ХҚКО қызметкерінің жұмысына қосымша монитор арқылы «жақсы», «қанағаттанарлық» және «нашар» деген баға қояды. Сонымен қатар қызмет алу барысында тұтынушыларды веб-камера арқылы суретке түсіру жүйесі бар, біл Орталықа жүгінген азаматтың өзі келгендігін растау, оның жеке басын сәйкестендіру мақсатында енгізілген. Арнайы база негізінде күту уақыты, құжатты ресімдеу уақыты, талон арқылы қызмет көрсету, қызметті бағалау

үдерісіне мониторинг жүргізіліп отырады.

ХҚКО-ның барлық бөлімдерінің күту залында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы ұйымдастырылған. Қазіргі таңда осы «Connection point» қызметі арқылы 223 қызмет түрі көрсетіліп, 21 мыңға жуық электрондық анықтамалары берілген. Орталықа келген мемлекеттік қызметті алушының «Электронды үкімет» порталы арқылы мекенжай анықтамасы, салымшы қаражатының қозғалысының түсуі, соттылығы бар не жоқ екендігі туралы, мүлкі бар не жоқ екендігі туралы анықтама беру, тұрғын үйдің, балабақшаға қою кезегін көру, неке тіркету секілді мемлекеттік қызметтерді дербес өзі алуға мүмкіндігі

бар. Мемлекеттік кірістер департаменті арқылы жасалатын төлемдердің барлық түрін осы қызмет көрсету секторы арқылы қолдануға болады.

Сондай-ақ, айтып өтейін, облысымызда шалғай елді мекенде орналасқан тұрғындарға мобильдік ХҚКО қызмет жасайды. Біл ретте аудандық әкімдіктермен іс-сапар кестелері бекітіліп, соның негізінде мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

- Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қызметтің жай-жапсарына тоқталсаңыз.

- Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі жеңілдетілді. Нақтырақ айтсақ, 1414 Бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалып, өтініш береді. Соның негізінде ХҚКО қызметкері өтініш несінің үйіне барып, мемлекеттік қызмет көрсетеді. Бұл қызмет І, ІІ топтағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға ғана жүргізіледі. Жыл көлемінде 35 394 мүмкіндігі шектеулі жанға қызмет көрсетілсе, 2014 жылы біл көрсеткіш 20 014 болған.

- Қазір жұрт жүргізуші куәлігін мамандандырылған орталықтарыңыздан алатын болды. Олай болғанына көпшілік қуанышты да...

- Иә, өткен жылы облыс тұрғындары үшін басты жаңалық - автокөлік иелеріне



қарттарымызды, бүлдіршіндерді құттықтау - біздің қызметкерлердің әрқашан басты назарында. Орталықтағы «Халық» бастауыш партия ұйымы ата-анасынан айырылған 12 жасар Нұрбакыт Берікұлына қамқорлық жасайды. Осыған байланысты баланың атынан есепшот ашылып, оған 18 жасқа толғанға дейін қаражат аударылып отырады. Сонымен қатар оған «Мектепке жол» акциясы бойынша киім-кешек, оқу құралдары мен ақшалай қаражат және спорт күніне орай велосипед берілді. Ал балалар күніне орай ақыл-есі кем балаларды тәрбиелейтін психоневрологиялық орталықтағы балаларға қайырымдылық шарасы көрсетіліп, жазғы маусымда суға түсу үшін бассейн табысталды. Осындай игілікті іс-шаралар алдағы уақытта өз жалғасын тауып отырады. Сондай-ақ сайыстарда жеткен жетістіктері де баршылық. Айталық, мемлекеттік тілді дамыту бағытында өткізілген «ХҚКО» РМК мемлекеттік тілді дамыту бойынша үздік филиал» республикалық байқауында жүлделі І орынды иелендік. Қызылорда қаласының №1 бөлім инспекторы Тамара Шарипова Павлодар қаласында өзге ілт өкілдері арасында мемлекеттік тілді білу бойынша «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында өткізілген республикалық байқауға қатысып, жүлделі І орынды иеленді. 2015 жылы «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткізілген «Ең үздік бастауыш партия ұйымы» облыстық байқауында Филиалдың «Халық» бастауыш партия ұйымы І орынды иемденді.

2015 жылы Астана қаласында «ХҚКО» РМК қызметкерлерінің республикалық кәсіподағының ұйымдастыруымен Халыққа қызмет көрсету орталықтары қызметкерлерінің арасында өткізілген республикалық фестивалде біздің қызметкерлер «Үздік ансамбль» номинациясы бойынша ІІІ орынды қанжығасына байлады.

- Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Н.САУЯЕВ





лаларымен келіп, бір қауым елге айналамыз. Келіндер екі жақтан шәй құйғанда үлгере алмай, бір қазан тамақ істегенде жеткізе алмай орамалдары бір жағына қисайып терлеп-тепшіп жүргендері.

Әдеттегідей азанғы шәй біз жатқан бөлмеде ішіледі. Яғни, ерте тұрамын. Қанша жерден ұйқыны кимасам да, күтірлеген қатқан шекер тұрмасына қоймайды.

Кім ерте тұрса, шекерді молығырақ иемденетіні айтпаса да белгілі. Кейде сарайған ащы кәмпиттердің дастарқанда төбе көрсетіп қалатыны бар,

бөлмені иемденді. Шама-сы үйленгендерге оңаша орын берілетін болса керек. Осы тойдан кейін мені алабөтен уайым қысты. Ал, өзгелердің көңілі жай. Әкем мен әжем келіннің қолынан шәй ішіп маз, апаларым Тәттігүл мен Айжанның жағалары жайлауда, тал түсте бір-ақ тұрады. Он біріншіге көшкен екінші ағам Қайнардың да ұпайы түгел сияқты. Әрине, жеңгелі болғаным мен де қуаныштымын. Тек...

Мен қазір тезірек жазғы каникул біткенін қалап жүрмін. Өйткені, Назеркені көргім келеді. Онымен бір партада отырсам ғой, шіркін! Бұрынғыша басқалардың мазағынан қорғап, сабағына көмектесіп, ұмытып қалған жерін айтып оты-

ып тастады. Тіпті, осы әңгіменің аяғы үйдің кеткен-кеткен жерін дұрыстауға жалғасып, ұлы бар, қызы бар әжемнің біраз айқайын естіп тынды. Содан кейін мен бөлме жағына бас ауыртуды қойдым.

Жаз бітіп, сабақ басталды. Күдігім расқа шықты, менің сабақты жақсы оқитыным басыма бәле болып жабысып, сабақты нашар оқитын Ерпанның қасына қонжидым. Сабақ үлгіріміне көмектесіп отыруым керек екен. Ал, Назеркенің қасына отыру бақыты Аскарга бұйырды. Мұндай жыным келмес, ерегіскенде Ерпанның көмектеспей қойсам деймін. Бірақ, оны істемедім.

Алғашқы қар түсті. «Назерке мені ұната ма, ұнатпай

бас жексенбіде де билетпен бірге Ақбереннің алдына иіліп тұратын болды.

Мен тықымай жағына тіпті де қиналғаным жоқ. Несіне қиналамын, Назеркемен кездесемін, онымен қатар отырып кино көремін. Былай қарап тұрсаң, менікі шектен тыс ерлік. Әйтпесе, өзге ұлдар кинода қыз қасына отыруды ойламақ түгілі, махаббат дегеннің не екенін біле ме десейші әуелі. Мен болсам, Назеркенің жанына жайғасуға құмармын. Керек десеніз, киноның маған қажеті шамалы. Одан да ғашығымның шынтағына шынтағымды тіреп, арасында байқамаған болып иығына қолымды тигізіп қалғаным жақсы емес пе?

Мен солай ойлағаныммен бірінші күннен бастап-ақ Назеркенің қасынан орын алу мұң болды. Біресе сыныптың қыздары қоршап отырады, біресе апасымен келеді. Тек, сыртынан бақылаумен ғана шектелемін. Ал, кино дегендерің бірінен бірі өтеді. Кілең махаббат, әсіресе, үндінің киноларын айтсайшы. Митхунның орнына өзімді, Айшварияның орнына Назеркені қоямын. Олар билесе мен Назеркемен билеп жүремін, олар құшақтасса мен де Назеркені құшағыма алу де елестетемін. Құшақтасса демекші, Ақберен ағайымыз киноның құшақтасатын жерлерін өткізіп жібереді. Бірде қолындағы пүлті істемей қалып, телебизірдің алдында кесе көлденең тұрып алып, «артқа қарандар» деп айқайлағаны есімде.

Менің шыдамым бір жарым айға ғана жетті. Келесі бір киноны пайдаланып Назеркеге шыға берісте қолына жазған хатымды ұстата салдым. Ол не деп сұрамады, құралайдың көзінде жанарымен маған тек күлімсіреп қана тұрды, мен де ләм-мим демедім.

Хатқа жауап қайтпады. Оның себебін білмек түгілі, сабаққа кіріп-шығудан қалдым. Назеркенің бетіне тура қарай алмаймын, бұрынғыша сыныпта емін-еркін емеспін. Осылайша қаралай ақ тер көк тер боп үш күн өткізгеннен кейін екінші оқу тоқсаны бітті. Үшінші тоқсанда Назеркені көрмедім, олар Ақтөбеге көшіп кеткен екен.

Ауылда қазір ағам мен жеңгем балаларымен ғана тұрады. Әжем жетіншіде оқып жүргенімде, әкем университет бітіретін жылы қайтыс болды. Өзге аға-апаларым сыртта, бәрі бір-бір отбасы. Ал, біздің үй болса сол күйі өзгерген жоқ. Үлкен көкәнә, кіттай көкәнә, қосқан бөлме, басқасы да бәз баяғы. Ағамның үй жаңартпайтын себебі қалаға көшпекші. Әжем айтқандай, ол үйге енді бөлме қосылмайтын секілді. Қосылғанды айтамын-ау, ағам көшіп кете қалса, ол үйде адам тұра ма екен өзі?! Оны уақыт көрсете жатар. Айтпақшы, мен үйлендім, Қызылорданың бір бұрышында тұрып жатқан жайымыз бар. Назерке болса, естуімше, әлі тұрмысқа шықпапты.

Нағымжан САУАЕВ.

Біздің үй

ондайда ерте тұрғанның пайдасы шаш етекпен. Ара-тұра ащы кәмпиттің аламанан аяқтап болған соң, қайта ұйқыға бас қоятын кезім де жоқ емес.

Мен әжемнің баласымын. Әжем мені мектепке аркалап апарады, аркалап әкеледі. Тек, биылдан бері қара жаяумын. Онда да әжем сырқаттанып қалып, ауыр көтеріп жүруге шамасы келмей қалды. Әжемнің арқасынан түскенге бір жағынан қуандым, көршінің баласы «Сенің жасыңда қызға баратын едік, бұл болса әжесін еміп әлі жүр» деп мазактап бітіп еді. Десе де айналып-толғаннан кенде емеспін. Үнемі «Айтапыма бала жете ма?» деп отырады. Ондай сәтте менің әңгімем қызады. Қызбай ше, сыныпта менен қатты жүгіретін бала жоқ. Қыздар екібастан ғой, жалақ ойнағанда бірін аттап бастырмаймын. Ол ол ма, үйірін қайырған айғырдай әдейі озып кетіп, алдынан күтіп тұрамын. Өздігінен беріліп, жалақты өз қолымен алмады бар ма, обалы өзіне. Шаштан тартып тұрғызып, шыңғыртамын кеп. Мұндай жаздан сырт қалатын бір қыз ғана бар. Ол – Назерке. Әдейі соны қуған болып бастаймын да, жанынан ағызып өте шығам. Назерке басқалардай бақырып-шақырмайды, сықылықтап күледі де қояды. Күлгені қандай десенші?! Оның күлгені ғана емес, жүрген-тұрғаны да сондай сүйкімді. Өзге қыздардай ардың-гүрдің қозғалмайды, еліктің лағындай қылығы бар. Әрине, Назерке жайын үйдегілерге айтып жын ұрып па, ол жағын қозғамаймын.

Мен төртіншіні бітірген жылы жазда үлкен ағам Айдар Қызылордадағы оқуын тауысып, ауылға келді. Құр қол келген жоқ, қасында әп-әдемі келіншегі бар. Үйімізде ұлан-асыр той болды. Салқын бөлмеге шымылдық құрылып, жас жұбайлар басыбүтін сол

рар едім. Қас қылғандай сынып жетекшіміз басқа біреудің қасына отырғызып қоймаса сол-ақ де!.. Ол кезде Назеркеге жақсы көретінімді, оған болашақта үйленетінімді сездіре алам ба, алмаймын ба? Сездіре алған күннің өзінде үйленуге келісім бере ме? Ал берді дейік, үйдің қай бөлмесі еншімізге тиеді? Міне, менің көкке самғаған әп-әдемі армандарым бөлме мәселесіне келгенде қожырақтап, жерге қарай құлдилап бастайды. Яғни, қайтадан артқа кетіп, үйлену мәселесін қоя тұрған дұрыс деп ойлаймын. Ойлауын ойласам да, ертерек қимылдасам, Назеркеден айрылып қалатындай тағы тыпыршимын. Осылай сары уайымға салынып жүргенімде, бұл тығырықтан әжем алып шықты.

Түскі шайда отырғанбыз. Аппақ гүлдері бар қызыл халат киіп, ақ орамал таққан Айсұлу жеңгем маған шәй құйып беріп жатып:

- Ерке, сен қашан келіншек әкелесің? – дегені.

- Ия, саған, жататын жер жоқ! – дедім жұлып алғандай.

Үйдегілер менен мұндай жауап күтпегені анық еді. Әдетте, қайтуші ем, әдетте бұртиып теріс қарап жатып алатынымын. Немесе «Анау мазактай береді» деп әжеме тығылатынымын. Оның арты айналып-толғану, кішігірім мерекеге ұласатын. Бұл жолы... Бұл жолғы жауаптың кескіні анау, үйдегілердің бірі қалмай күлкіге басты дейсің. Кәдімгідей сасып қалдым. Жылағым келіп кетті. Сөйттім де, әжеме қарадым, ол бірден құшағын аша қойды. Ал, еңкілде. Көзден су сарқырап ақты, мұрын одан басым түсіп жатпаса, қалысып жатқан жоқ. Әжем болса: «Әй, қойыңдар түге. Қайнар-әй, қой дедім ғой саған. О, несі-ай, құттай балаға сонша күліп. Айтапым үйленсе, дәу бөлме қосамыз. Керек болса, дәу үй саламыз» деп күлкіні тый-

ма?» деген сұрақтың әлі жауабы табылған жоқ. Анығы, емін-еркін сөйлесудің реті келмей-ақ қойды. Сабақ арасындағы үзілістерде не бітірерсің, оның үстіне ана Аскара дегенің Назерке тұрса тұрып, отырса отыратын боп алды. Ал қайтар жолдың бір тиын пайдасы жоқ, мектеп есігінен шығысымен-ақ екі жаққа кетеміз.

Осылайша оңашаның сәтін келтіре алмай жүргенде, ауылға кино келе қалды. Киномыз – математика кітабынан сәл үлкен қап-қара бірдене. Видик дейме, бидомәгнитәфон дей ме, әйтеуір, соның ішіне кәссет салса, телебизерден кино көрсетеді. Кино болғанда қандай, қырғын төбелестің неше атасы бар.

Киноның бастығы – Ақберен деген ағайымыз. Дене шынықтырудан сабақ береді, шынықтырғанда да сұмдық. Писсіміләні тықымай алу-дан бастайды. Және қандай тықымай десейші, балан үйрек пен шылдыр шүмекті төбеңе тіреп тұрады да, ортан теректі өлгенше керіп қоя бергенде бар ғой, мың аузыңа түседі. Ондайда ауырсынбау керек, ыңқ еттім дегенше, екіншісіне басыңды дайындай бер. Сондықтан, оны көре қалсақ, жүгіріп барып шекемізді тосамыз. Амандасқанымыз, бір жағынан сыбағамызды ризашылықпен сұрағанымыз. Тәртіп солай, амалың жоқ. Кейде күніне үш-төрт мәрте амандасуға тура келіп, кешке қарай миымыз айналып, лоқсып қайтатын сәттер де болады.

Осы Ақберен ағайымыз аптасына бір рет кино қояды. Әр жексенбі күні. Қоятын киносын төртінші күні мектептің хабарландыруына іледі. Оны бес пен сегізінші сынып аралығындағылар ғана көреміз, одан жоғарыларға дискотека ұйымдастырады. Несін айтасыз, аптаның алты күнінде тықымайдан көз ашпайтын



«Өтіріктің көпшілігі әдетте соғыста және ақиылықта айтылады»

Бисмарк.

XIX ғасырдағы Германия канцлері.

«Түркістан газетінің 2013 жылғы 7 қараша күнгі санында журналист Көлбай Адырбекұлының «Ерлік пен әділдіктің символы» атты мақаласы жарық көрді. Мақала авторы жазушы Мамытбек Қалдыбайдың «Мен – халқымның Бауыржанымын» атты жаңа туындысы оқырмандар қолына тигенін айтып, сол кітаптан бірнеше үзінді келтіріп, қазақтың біртуар ұлының бұрын оқырман қауымға беймәлім жаңа қырларын ашқан.

Жазушы Мамытбек Қалдыбай батыр Бауыржан Момышұлының жанында жиырма бір жыл жүрген жан. Ұлағатты сөздерін тыңдап, тәрбиелік мәні зор әңгімелеріне қаныққан. Жай тыңдап қана қоймай, сол бойда блокнотына тыңғылықты түсіріп отырғанын біреу білсе, біреу білмес. Кейін сол екеуара әңгіме-сұхбаттары бірнеше кітап болып, оқырмандар ықыласына бөленді. Сол еңбектерінен Баукеңнің болмысын, мінез-құлқын көргендей әсерге бөленесің. Оның басқалардан өзгешелігі де сонда.

Иә, соғыс – қасірет. Сұрапыл соғыс жағдайында адамның санасы қабылдауға сыймайтын оқиғалар болады. Оның шынайы деректері ұзақ уақыт көпшіліктен бұрқаленетіні сондықтан. Қазір жетпіс жыл бойы мұрағаттарда «өте құпия» грифпен сақталып келген құжаттарды Ресей тарихшылары қайта қопарып, сол қасіреттің әкелген зардаптарын көпшілікке жария етуде. Ал бұл құжаттар соғыспен бірге сол кезеңнің ақиқатын көз алдыңызға әкеледі. Айтар ойымызды нақтылау үшін біз алдымен К.Адырбекұлының мақаласын жариялап, Мәскеу түбіндегі қасіретті күндерді баяндайтын тарихи деректерді қосымша оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

Б.МОМЫШҰЛЫ: «БЫЧКОВ ӨЛЕ БІЛДІ» НЕМЕСЕ К.АДЫРБЕКҰЛЫНЫҢ МАҚАЛАСЫНАН

Баукең қай кезде де атағын малданып, пендешілікке бой алдырып, үлкен басын кішірейтпеген жан. Тіптен белгілі жазушы Әзілхан Нұршайықов пәтер алуына көмектесуін сұрап келгенде ол: «...Мен қалалық атқару комитетінің төрағасы емеспін. Үй бер деп ешкімге айта алмаймын. «Пәленше Бауыржан туралы кітап жазып еді, енді Бауыржан оған үй беріңдер деп жүр», – демей ме жүрт. Естіртіп айтпағанмен, ішінен ойлайды. Дүниеде ішінен ойлап, естіртпеген жаман», – дейді. Нұршайықов көпке танымал жазушы. Бірақ осы арада Баукеңді жөн емес деп көріңіз.

Әзілханның «Ақиқат пен аңыз» кітабы жарық көріп, Жазушылар одағында талқылауға түседі. Әзекең Баукеңе: «Қаламгерлердің біразы: «Сен Александр Бек пен Бауыржан Момышұлына қандай жаңалық қостың? Өзіңнен не бар? – деп мені сөкті», – деп налиды. Сонда Баукең: «Сен түсінбепсің. Олар сені сөккен жоқ. Әділін айтты. Өз жазғаныңды өзің оқып шық. Олардың: «Не жаңалық қостың, ештеңе көре алмай отырмыз», – дегені орынды. Сол себепті өкпелеуіңнің жөні жоқ. Бұған түсінбесең, ашқан жаңалығыңның атын аташы? Қандай жаңалығың бар? Түсінсең, олардың сыны – мүлде әділ. Сен бекер өкпелеп отырсың, шырағым», – дейді.

Рас, Әзілхан Нұршайықов көпке танымал ғана емес, көркем шығармаларымен құрметке бөленген жан. Атағы да аз емес. Содан болар орынды сынды қабылдағысы келмей, Баукеңнен қолдау іздеп келген. Ал Баукеңнің бағасы ол ойлағандай болмай шықты. Әділдікке жүгінді. Дегенмен, Әзекеңнің «Ақиқат пен аңызға» қосқаны бар екен. Бірақ ол қосқаны шындықпен мүлдем жанаспайды. Момышұлы: «Менің Қасым Қайсеновпен таныстығым шамалы. Жолыққанда: «Бауке, ассалаумағалейкум» деп амандасады. Мен де: «Е, амансың ба, қарағым» дегеннен басқа сөз айтып көрген емеспін. Бірақ ол туралы «Ақиқат пен аңыздағы» диалогқа құралған сөздердің авторы мен емеспін. Оның көңілімді сұрап, палатама келгені қып-қызыл өтірік!», – дейді.

Автор Баукеңнің осы айтқандарына көз жеткізу үшін Қасым Қайсеновке барып жөн сұраған. Сонда батыр

мені «Ақиқат пен аңызда» ауруханаға барғызып, көңілін сұратып қояды. Жай сұратып қойса мақұл ғой. Сол күні карантин екен. Ішке кіруге рұқсат жоқ. Мен күзетшіні тыңдамаппын. Соны Баукеңе өзім былай баяндаппын. «Қасымға карантин бөгет болушы ма еді? Қакпаға барып едім, кіргізбеді. Бір бұрышты айналдым да қоршау тактайды теуіп қалып, біреуін сындырдым. Бірақ одан сыймадым. Екіншісін сындырдым да сып етіп аурухананың ауласына кірдім». «Қоршау тактайды сындырғаның үшін өзінді сотқа берсе қайтесің?» – Бұл Баукеңнің сөзі. «Жоқ, Бауке, одан қорықпаймын. Жасанған жау тұтқын лагерін тоғыз қабат сыммен қоршап, автомат пулеметін кеудеме кезеп тұрғанда да олардың тас-талқанын шығарғанмын», – деймін мен теріме сыймай күлсініп. Осылай, Әзілханның жазуынша, мен басбұзар да, ұрда-жық, даңкеуде біреуімін. Бауыржан да ақымақтың кейпін киген. Өйтпесе, бұрын заң қызметкері болып істеген ол кісі:

«Қоршаудың тактайын сындырғаның үшін өзінді сотқа берсе қайтесің?» деген тәрізді ақымақ сұрақ қоя ма? Ол кісінің осылай сұрақ қоюының өзі Баукеңнің характеріне сай келе ме? Оның үстіне Бауыржан емделіп жатқан Министрлер кеңесі ауруханасы ешуақытта ешқандай тактай қоршаумен қоршалмаған. Он Әзілхан жабылса да құлата алмайтын жуан темір тормен қоршалған. Ешқайсымызға зиянынан басқа пайдасы жоқ мұндай ойдан қосылған өтіріктің неге керек болғанын түсінбедім».

«Ақиқат пен аңыздың» роман-диалог деген айдары бар. Оқырман ұғыммен қарасақ, шығарма нақты сұрақ-жауапқа құралған. Алайда автордың Баукең айтпаған сөздерді ойдан қосып, өзінше бұра тартып жіберген осындай жерлері аз емес екен. Демек, кітаптың атына заты сай емес. Ақиқаттан біраз алшақтап кеткені көзге шыққан сүйелдей байқалады. Баукең де жазушы. Бірнеше кітаптары бар. Шығармаларын жұрт сүйсініп оқыған. Оның үстіне ол туралы көп жазылды да. Александр Бектің «Арпалысы» («Волоколам тас жолы») 87 елде жарық көрді. Демек Баукең әлемдік тұлға. Ойдан құраған басқа бір көркем шығарма болса мақұл-ау. Жұрттың көзі көріп, мінез-құлқы халқына сіңісті болып кеткен батырдың образын өтірікпен әспеттей алмайсың. Қалың оқырман қабылдамайды да. Қайта кері әсерін тигізеді анық. Жоғарыда келтірілген мысалдар соның дәлелі дер едім.

Ал Баукең мұны Мамытбек Қалдыбайға неге айтты? Ұпай жинау үшін бе? Жоқ! Тағдырдың талай қатал сындарынан өткен батырдың өтірікті жаны сүймейді. Кеш те болса Әзілханның халықты, қалың оқырманды алдаған қателіктерін осындай ыңғайы келген сәтте түзеткенді жөн көрсек керек. Бұл да басқалар үлгі алатын жай. Адамның жаны шындыққа құмар. Ақиқатқа жеткенше жан-дүниесі тыншымасы хақ. Мамытбек Қалдыбай батырдың бұрмаланған шындығын осы кітабы арқылы бізге, бізден кейінгі ұрпаққа жеткізіп отыр. Меніңше, кітаптың құндылығы да осында болса керек.

Автор кітабына академик Хайдар Арыстанбековтің Баукең туралы естелігін де кіргізген.

«...Баукеңмен екінші рет Алматы ауылшаруашылық институтында ректор болып жүргенімде, 1960 жылдың басында кездестім. Ол кісіні институтқа шақырдым. Институтымыздың әскери кафедрасында қырық шақты оқытушы бар еді. Бір оқытушымыз полковник, орыс кісі.

– Аса құрметті, Бауыржан Момышұлы! Сіз әлем тарихын білесіз. Жер жүзінде атақты жеті қолбасшы бар. Соның ішінде қайсысына ерекше құрмет көрсетесіз? – деген сұрақ қойды. Бұл кім-кімнің де рухани жан дүниесін таразыға салатын сұмдық арандатушылық сұрақ қой».

Баукең іркілмей бірден жауап берді:

– Машиналық кезеңге дейін Шыңғысханға, машиналық кезеңнен кейін Иосиф Джугашвилиге ерекше құрмет көрсетемін.

Құдай сақтасын, залды айқай кернеп кетті. Студенттер еденді ұзақ тепкілеп, шапалақ ұрып тұрып алды.

Арандатушылық сұраққа әлгіндей деп жауап беру қылышынан қан тамған қызыл империя кезінде оңай емес еді. Басыңды аламын десе де, өз пікірін ештеңеден қаймықпай, ашық айтатын Баукеңнің осы бір адамшылық асыл қасиеті біздерге, ұрпағына қандай үлгі?

Кабинетіме енісімен Қазақстан Орталық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Плотниковқа телефон соқтым.

– Бауыржан Момышұлымен кездесу өткіздік. Мынандай сұраққа Баукең былай деп жауап берді. Сендерге пысықайлар сыбырайтын шығар. Олардан бұрын өзім айттып қояйын, – дедім. Ол күліп:

– Қауіптенетін ештеңе жоқ. Бауыржан – Бауыржан ғой. Ол кісіге ештеңе дей алмайсың, – деді».

Қан майданның сынақ алаңы екені бесенеден белгілі. Кімнің кім екені сонда танылады. Сұрапыл соғыс кезінде жараланған пулемет ротасының командирі Торопыгинге көмектеспей жан сауғалап кетіп қалған Бычковты, сондай-ақ, «Шегінбегендер!» деген бұйрыққа құлақ аспай, командирге док көрсеткен Юрьевичті Баукең соғыстың қатаң заңымен атқызған. «Волоколам тас жолында» бұлардың шын аты-жөндері басқаша алынған. Өйткені уақыт көтермейтін еді. Жүрегіне салмақ түсірген өкініші

көп сол бір оқиғаны араға бірнеше ондаған жылдар салып, ашығын Мамытбекке айтыпты.

«... – Бычков! Юрьевич! Саптан он қадам алға шығыңдар! – Бычков қалтырап, дірілдемей бұйрығымды бұлжытпай орындады. Юрьевич те кері бұрылды. Бұрылғанымен, біз жаққа мойнын созып, жаутандап қараумен болды. Кенет екі қолын алға созып, шыңғыра айқайлады.

– Жолдас, комиссар!

– Атыңдар! – дедім мен оның сөзін аяқтатпай. Юрьевич октан қорғанғандай екі қолын алға созған, Бычков қозғалмай, тіп-тік тұрған күйі кескен теректей сұлап түсті. Полковниктер, комиссарлар шеңбері үлкен болса да маған: «Неге әскери трибуналға бермедің, мұның заңсыздық», – деп бір ауыз сөз айтқан жоқ».

Бұл Баукеңнің соғыс кезіндегі шұғыл шешімі. Темірдей қатал тәртібі. Ал соғыстан кейін Баукең осы бір жайға оймен қайта-қайта оралған.

«... – Бычков өле білді, – деді әлден соң Баукең түзеле отырып. – Ол есіме түссе, жылағым келеді. Бұл, қарағым, соғыс трагедиясы. Үнінен де, жанарынан да қайғы ізін көріп, Баукеңді аяп кеттім. – Бычков ажалды нағыз ерлерше қарсы алды деп жәй айтып отырғаным жоқ. Ол тағы да жаудың оғынан емес, өзіміздің октан өлді. Соны киноға түсірсең, сұмдық қорқынышты көрініске тап болар едің. Оны ойласам, бөлмеме сыймай кетем. Азамат екен! Аппау мүмкін емес екенін түсіне білді. Қандай биік саналылық?! Егер кешірім жасап, тірі қалғанда одан тамаша командир шығары сөзсіз еді. Оған толық сенемін. Ол мына Алматының түбіндегі Талғардың бір қызына үйленген жап-жас лейтенант еді.

Ертесіне кешкілік блиндажда отырсам, комиссарым Логвиненко: «Осылай Бычков қорқақтығы үшін атылды», – деген жазуы бар қағазды әкеп тұр. Аяқ жағында штаб бастығы екеуінің қолы бар. Мен үнсіз оқып шықтым да, сіріңке талын тұтатып, жағып жібердім.

...Бычковты жерлегенімізге бір тәулік қана өткен. Енді үйіне, әке-шешесіне «Қорқақтығы үшін атылды» деп хабарлаудың қажеті бар ма? Бұл оның ата-ана, туған-туысқандарын қорлау ғой. Қағазды жағып жібергенім, ондай оңбағандыққа бара алмаймын дегенім. Түсіндің бе?


– Түсіндім».

«Теніздің қасиеті тамшысынан». Біз Мамытбек Қалдыбайдың жаңа туындысынан аздаған мысалдар ғана келтірдік. Кітапты толық оқып шыққан жанның ұлттың ұлы тұлғасы, батыр Бауыржан Момышұлына деген құрметі бұрынғыдан да арта түсері анық.

Ж.ӘЛЕНҰЛЫ



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ



Еуразия кеністігіндегі орасан территорияны күшпен бағындырып, билеп төстеген, тарихта есімі ұлы қолбасшы, мемлекет қайраткері ретінде қалған Әмір Темір ұрпақтарына қорқынышты өсиет қалдырған еді. Осы өсиет 1941 жылдың 21-22-не қараған маусым күні шындыққа айналды. Соғыс басталды. Бұл нендей өсиет еді?

...2003 жылы Ресейдің бірінші телеарнасы көрермендерге «Проклятия Темирлана» атты деректі фильм ұсынды. Фильмнің ерекше құндылығы неде? Біріншіден, бұл фильмде 1941 жылы маусым айында Самарқанда Әмір Темір ұрпақтарының қабірін ашу сәті бейнеленген болатын. Фильм кадрлары КГБ мұрағатында «аса құпия» дейтін белгімен көпшілікке жария етілмей ұзақ сақталды. Оны көрсетуге 2003 жылы ғана рұқсат етілді. Екіншіден, сол 2003 жылы дайындалған деректі фильмге 1941 жылғы оқиғаның жалғыз тірі куәгері, Социалистік Еңбек Ері кинооператор Мәлік Каюмов қатысады. Тағы бір таңқаларлығы, Каюмов сол оқиғаны қалың жұртшылыққа бірінші рет егжей-тегжейлі баяндап отырғанын мәлімдеді. Жасы тоқсанды алқымдаған ақсақалдың сөзі нанымды, тарихи оқиғаның әрбір сәтін жанында мықтап сақтап қалған еді. Сонымен Үкімет деңгейінде ұлы қолбасшысы және оның ұрпақтарының қабірін ашып, дін қағидаттарына қайшы келетін осындай тағылық әрекетке баруға не түрткі болды? Сәл шегініс жасайық.

...1941 жылдың 21 наурызында Сталинге ВКП (б) орталық комитетінің мәдениет бөлімі жазбаша ұсыныс берді. Ұсыныста КСРО Ғылым Академиясының күшімен Самарқандағы Әмір Темірдің жерленуі мүмкін деген мавзолейінде зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі баяндалған болатын. Мынадай сәйкестікті қараңыз: Тарихи деректер бойынша Әмір Темір 1336 жылы 21 наурызда дүниеге келген-ді. Сталинге берілген ұсыныста ұлы қолбасшысының қабірін ашып, онда жатқан сүйектің шын мәнінде Әмір Темірдікі екенін ғылыми тұрғыда анықтау қажеттігі айтылған болатын. Мұндай ұсыныстар берілмес бұрын алдымен жоғарыдағы басшылықпен келісіліп алынатыны белгілі. Демек, Сталиннің қабірі ашуға мүдделі болғаны ғой?!

1941 жылдың наурыз айына дейін неміс фашистері Еуропаның көптеген елдерін тізе бүктіріп, соғыс қаупі Кеңестер Одағы шекарасы маңына төнген еді. Соғыс қарсаңында Кеңес Одағында патриоттық рухтағы шаралар кеңінен жүргізіле бастады. Газеттер мен радиода Социалистік Отанды сыртқы жаулардан қорғау үшін жана идеология кеңінен насихаттала бастады. Сталин тар шеңбердегі бір басқосуда: «Нам не нужны люди, нам нужна идеология», деді бұл саясаттың мәнін қысқаша түсіндіріп. Саясат дегеннің құрық бойламайтын қулығынан туған мұндай идеологияның Сталин үшін қаншалықты керек болғаны түсінікті. Алып кеңес империясы Германиямен соғыс қарсаңында өмір сүріп жатты. Алдымен Алексей Толстойдың «Бірінші Петр» романы «социалистік реализм» мазмұнындағы шығарма ретінде мектеп бағдарламасына енгізілді. Елге Отан қорғайтын батырлардың ерліктері қажет болды. Ал Сталин мұндайда көп нәрсеге бас ауырттып жатпайтын. Тарих парактары қайта ашылып, әр дәуірдегі батырлардың ерліктері халыққа кеңінен насихатталды.

Тарихи тұлғалардың есімдері кеңестік отаншылдық рухымен байланыстырылып, «Керемет адамдар өмірінен» атты сериямен кітаптар шығарыла бастады. Сталин тарихи тұлғалар есімін өзі таңдады. Халықтар көсемі сериялы кітаптар тізіміне Әмір Темірді де енгізді. Ал оның астарында қандай қулық жатқанын түсіну қиын емес еді, себебі Кеңестер Одағын мекендеген басқа халықтардың рухын көтеру үшін олардың өз батырларын дәріптеу қажет болды.

... Кинооператор Мәлік Каюмов сол жылдардың оқиғасын көрермендерге былайша баяндайды:

— Біз 1941 жылғы мамыр айында Самарқандқа келдік. Әмір Темірдің және оның ұрпақтарының жерленген

мавзолейіндегі қабірді ашып, сүйектерге ғылыми тұрғыдан сараптама жүргізу үшін арнайы экспедиция құрылды. Экспедиция басшысы болып академик Кәрім Ниязов тағайындалды. Мүшелері — шығыс тілдерінің маманы, әлемдік деңгейдегі ғалым Александр Семенов, адам сүйегінен оның шынайы тұлғасын жасайтын ғалым, яғни антрополог Михаил Герасимов, тәжік жазушысы Садриддин Аини болды.

Экспедиция дайындық жұмыстарына кірісті. Мавзолейге жақын маңнан қабір басына электр жарығы жүргізілді. Сол оқиғалардың куәсі болған М.Каюмов қабір үстіндегі орасан зор плитаны орнынан жылжыту қиынға соққанын айтады. Жылжыту үшін шынжыр лебедка пайдаланылған. Сол сәтте ол үзіліп түскен. Мұны деректі фильм көріністерінен байқауға болады. Сәлден кейін жарық өшіп қалған. Жұмысты тоқтатып, үзіліс жарияланады.

— Мен осы үзілісті пайдаланып, мавзолей маңындағы шайханаға беттедім. Шайханада отырған ақсақалдың бірі:

— Балам, сенің мавзолейдегі қабірді ашуға байланысты жұмыстарға қандай қатысың бар? — деп сұрады. Мен атқаратын жұмысымды айттым.

— Ұлы қолбасшысының қабірін ашуға болмайды. Мұның соңы қасірет, соғыс басталады. Қасындағыларға осыны жеткізі! Барлығы мына кітапта жазылған, — деді ақсақал.

— Кітапты беріңізші, оқып көрейін, — дедім.

— Сен арабша оқи алатын ба едің, — деді ақсақал менің айтқанымға сенімсіздеу жүзбен.

— Оқимын, түсінемін...

Кітаптың ақсақал нұсқаған жерін оқып шықтым. Санамды қорқыныш сезімі билей жөнелді. Жалма-жан комиссия мүшелеріне болған оқиғаны баяндадым. Шайханаға қабір басындағы әріптестерім келді. Әлгі сөздерді қайталаған шалға С.Аини дүрсе қоя берді. Оған парсы тілінде ауыр-ауыр сөздер айтып, қолындағы тағымен нұқып, шайханадан қуып шықты.

... Мавзолейдегі электр жарығы 6 сағаттан кейін қайта жанды. Комиссия жұмыстарын жалғастырды. Қабір үстіндегі зор плита орнынан жылжытылды. Ал оның астындағы шағын плитада жазылған жазуды түсіну қиынға соқты. Бұл ескі араб тілінде жазылған жазу болатын. Шығыстанушы Александр Семенов бірнеше сағаттан кейін оның орысша аудармасын дайындады. Фильммен алынған орысша нұсқасын қазақшалағанда былай делінген еді: «Біз барлығымыз о дүниелікпіз. Уақыты келгенде біз де кетеміз. Бізге дейін ұлылар өмір сүрді, бізден кейін де өмір сүреді. Егер кімде-кім ата бабалар тыныштығын бұзып, оның сүйегін қорлайтын болса, ол қатаң жазаға тартылатын болсын!».

Экспедиция мүшелері жазудың мазмұнымен танысқаннан кейін бойларын үрей билеп, экспедиция төрағасына жұмысты тоқтатуды ұсынды. Бірақ Ниязов ойын жоғарыға жеткізуге батылы жетпеді. Қалайша? Комиссия Сталиннің бұйрығымен жасакталып, әлемнің ақпарат құралдары бұл жұмыстың барысын қалың жұртшылыққа күн сайын үзбей жеткізіп жатса...

Мавзолей маңында жиналған мыңдаған жергілікті халық не болар екен деген ауыр оймен сілтідей тынған. Сағатқа бергісіз ауыр минуттар сырғып өтіп жатыр. Ақыр соңында қабірді ашу жұмыстары

жалғастырылды.

— Алдымен Әмір Темірдің баласының, артынша оның немересі — әлемдік деңгейдегі ғалым Ұлықбектің сүйегі табылды, — дейді, осы қорқынышты оқиғаның куәсі болған М.Каюмов. — Ұлықбектің қабірінде оның денесімен бірге шабылған басы қатар жерленіпті. Сүйектерді әрбір бөлшегімен ұқыпты жинастырған Герасимов оларды арнайы қапшықтарға салды. Толқыныс сәті Әмір Темірдің сүйегі табылғанда үдей түсті. Себебі сол күнге дейін оның нақты жерленген жеріне қатысты әртүрлі болжамдар айтылып келген еді. Соңғы қабірді ашқанда бұл Әмір Темірдің денесі екені мәлім болды. Герасимов ұлы қолбасшының жорық кезінде жараланған аяғының тізе тұсынан ауыр жарақаттың ізін тапты. Бұл ірі, бойшаң адамның сүйегі еді. Ол сүйектің Әмір Темірдікі екенін айғақтайтын дәлел еді. Алдымен бұған Са-



СТАЛИН ӘМІР ТЕМІР АРУАҒЫНАН НЕГЕ СЕСКЕНДІ?

дриддан Аини балаша қуанды. Себебі Әмір Темір осыған дейін Қытайға жорыққа аттанар кезде Отырар маңында қайтыс болып, ол осында, сонымен бірге Ауғанстан аумағында жерленуі мүмкін деген болжамдар айтылып келген еді. Ал тәжік жазушысы Әмір Темірдің Самарқанда жерленгенін айтқан болатын. Осымен Самарқанд экспедициясы жұмысын аяқтап, Ұлы қолбасшысының қабірінен алынған барлық сүйектер арнайы жәшіктерге салынып, мөрленіп, Ленинградқа жөнелтіледі. Бұл маусым айының 21-і болатын.

Ертеңіне соғыс басталды. Самарқандағы экспедиция мүшелері үшін бұл сөзбен айтып жеткізе алмайтын қасіретті күн еді.

— Радио арқылы соғыс туралы хабарды естіген Садриддин Аини қос қолымен басын ұстаған күйі үнсіз қалды, — деп еске алады Мәлік Каюмов. — Барлығымыздың басымыздан сүренсіз күндер жылжып өтіп жатты. Мен көп ұзамай кинооператор ретінде майданға аттандым. Соғысқа кетер алдында Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы У.Юсуповтың қабылдауында болып, оқиғаның мән-жайын толық айтып бердім. Юсупов ашуға басып, Кәрім Ниязовты шақыртты. Болған оқиғаны, қабірден табылған жазуды айтпағаны үшін оны жерден алып жерге салды. Ол экспедицияға Мәскеуден жұктелген міндетті айтып ақталған болды.

Каюмов майданда болған алғашқы күндері Ржев төңірегіндегі ауыр шайқастарды бейнекамераға түсірді. Бұл кеңес әскері үшін соғыстың ауыр сын сағаттары еді. Майданда жүріп, ол Калинин майданына келген қолбасшы Георгий Жуковтың қабылдауында болады.

— Мен Жуковтың қабылдауын өтіндім, — дейді сол оқиғаны еске алған Каюмов. — Жуков блиндаждағы штабында қабылдады. Самарқандағы оқиғаны, шайханада ақсақалдармен болған әңгімені ол бар ынта-шынтасымен тыңдады. Мен Әмір Темірді және оның ұрпақтарын қайта жерлеу және бұл туралы Сталинге жеткізу қажеттігін айттым.

Ол өтінішімді орындауға уәде етті. Осы уақытта антрополог Герасимов Әмір Темірдің бас сүйегінің негізінде оның шынайы бет-бейнесін жасауға кірісіп кеткен еді. Қайта жерлеу қажеттігі туғандықтан ба, әйтеуір Орталық Комитет антрополог ғалымды барынша асықтырып

жатты. Герасимов қолбасшының бас сүйегін үйіне алып кетіп, жұмыс тәулік бойы жүргізді. 1942 жылдың қазан айында жұмыс аяқталды. Қолбасшының сұсты жүзі шынайы бейне ретінде сәтті құйылып шықты. Жұмыс аяқталған соң қолбасшының және оның ұрпақтарының сүйектері ыждағаттылықпен жинақталды. Арнайы келген адамдар оларды зертханадан алып кетті.

Фильм авторлары осы тарихи оқиғаға қатысты мына фактіге айрықша назар аударады. Қабірден алынған сүйектер Герасимовтың зертханасынан алынған уақыттан бір ай өткенде ғана Самарқанда қайта жерленген. Сонда бір ай ішінде олар қайда болған? Осы оқиға әртүрлі сипаттағы қауесет әңгімелердің өрбуіне түрткі болды. Кейбір болжамдар бойынша Әмір Темір ұрпақтарының сүйегі тиелген әскери ұшақ жаудан қорғау үшін белгілі бір қалалардың үстінен айнала ұшқан көрінеді. Бұл не? Мистика, әлде шындыққа жанасатын болжам ба? Сонда әлгі қалаларды ұлы адамның аруағы қорғап қалғаны ма? Ендігі бір болжам бойынша қолбасшының сүйегі Отан қорғаудың алғы шебінде жүрген мұсылман жауынгерлерін рухтандыру үшін жауапты учаскелерге арнайы апарылған деседі. Бірақ осылардың барлығы нақты фактімен дәлел таппаған болжамдар ғана.

Сонымен Әмір Темір ұрпақтарының сүйегі Үкіметтің 1942 жылдың 15 қарашадағы қаулысымен Самарқанда қайта жерленді. Енді мына кереметті қараңыз: Кеңес әскерлері 1942 жылғы 19 қарашада Сталинград түбінде жойқын қарсы шабуылға шықты. Жойқын шабуылдың соңы 1943 жылдың ақпан айының алғашқы күндері неміс әскерлерінің ондаған дивизиясының қоршауда қалып, Паулюс бастаған бірнеше генералдың тұтқынға түсуімен аяқталған еді.

Сталин 1943 жылдың шілде айында Курск шайқасының алдында Самарқандағы мавзолейді жөндеу жұмыстарына 1 миллион рубль бөлді. Осы ақшаға соғыс кезінде 16 танк жасауға немесе бір дивизияны 20 күн бойы тамақтандырып киіндіруге болатын еді.

Фильмнің басты кейіпкері Каюмов Жуковпен майдан даласында екінші рет кездескен. Ол Сталинге өзінен естіген әңгімені жеткізіп, уәдесінде тұрғанын айтады. Сталиннің нұсқауымен қабылданған жоғарыда айтылған Үкімет қаулысы осының айқын дәлелі бола алады.

70 жылға жуық КГБ архивінде «айрықша құпия» белгісімен сақталған түсірілім негізінде дайындалған фильмнің басты кейіпкері Мәлік Каюмов өз сөзін: «Жалпы ұлы адамдардың ғана емес, жәй пенденің мәңгілік тұрағын қорлауға болмайды», деп сабақтайды.

Фильм авторлары осы қорқынышты оқиғадан кейін Садриддин Аинидің Әмір Темір туралы роман жазу жоспары іске аспағанын, Сталиннің ұлы қолбасшыға қатысты қабірден алынған заттардың эрмитажға қойылмағанын айтады. Демек, өз ғұмырында әлемге билігін жүргізген Сталиннің өзі Әмір Темірдің аруағынан сескенгені ғой...

Мәлік Каюмов 1912 жылы Ташкентте туды. Өзбек және кеңес режиссері, телеоператор, КСРО Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты. 2010 жылы 98 жасында Мәскеуде қайтыс болды.

Ж.АҚСАҚАЛОВ

8

26.01.2016

АЛШ ЖОПЫ

ӨНІР

ӘУЛИЕЛІ ӨНІРДІҢ

Жылдағы дәстүрге сай әкімдердің есеп беру науқаны басталып кетті. Қой жылында атқарылған қыруар шаруаның жай-жапсарын ел аралап түсіндіретін әкімдердің дайындығы қызу.

Әулиелі өңір Жаңақорған ауданында өткен жылы ел игілігі үшін атқарылған жұмыстар қатары қалың. Әлеуметтің әлеуеттің арттырып, аудан экономикасына жан бітіріп игі бастамалар қолға алынды. Шешімін таппаған талай шаруа шешіліп, көптеген жобалар іске асырылды. Біз аудан әкімі Руслан Рүстемовтің халықпен есепті кездесуінің тезисін (аудан әкімдігінің ресми сайтынан алынды) назарларыңызға ұсынамыз.

Басынан бақ пен бейнетті бірдей өткізген бабаларымыз «Адамның өскені әрбір өткен жылымен, шаһардың өскені өз-халықтың сынымен бағаланады» деген екен. Шындығында қаласына қарап қоғамның ырысын, баласына қарап әлеуметтің тынысын анықтайтын уақыттың талабын біз де орындауға міндеттіміз.

Бүгін біздер өздеріңіз қалаған халық қалаулылары сайлаған кент, ауылдық округтер әкімдерінің 2015 жылы атқарған жұмысының қорытындысына талдау жасағалы отырмыз және оны Сіздермен бірге бағамдаймыз.

Өздеріңіз БАҚ арқылы хабардар болып отырсыздар. Көрші және сырт мемлекеттерде халық пен билік арасы алшақтап, түсініспеушіліктер, қақтығыстар орын алып, қоғамдық-саяси ахуал қиындап, қалың бұқара зардап шегуде.

Осы орайда, өткен жылғы басты саяси оқиға Қазақстан Республикасы Президентін сайлауы науқанына аудан халқы белсенді қатысып, басым бөлігі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты қолдап дауыс беруі - Қазақ халқының көпшіліктің мүддесін жеке мүддеден гөрі жоғары ұстауы, өмір салтынан шыққан құндылығының көрінісі деп білемін. Бұл ауданымыздың ең үлкен жеңісі және сыртқы қолайсыз факторларға қарамастан, елімізде экономикалық және қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақты сақталуының кепілі болды. Мұның айқын дәлелі Елбасы Қазақстан халқына арнаған Ұлт жоспары - «100 нақты қадам» бағдарламасында есеп беретін мемлекетті қалыптастыруды ұсынды. Осы жоспар аясында жергілікті мемлекеттік басқаруды дамыту бойынша бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Яғни, халықты ортақ мүддеге жұмылдыру, жергілікті мемлекеттік басқаруға, бюджет қаражатын жоспарлауға қауымдастықты қатыстыру арқылы қоғам мен билік арасында алшақтықты болдырмау көзделген. 2016 жылғы жоспарға сәйкес кент, ауылдық округтер бойынша жергілікті салықтар өздеріне беріліп, қауымдастық мүшелерімен бірге ақылдасып, жоспарлап, ауылдың қажеттілігі үшін жаратылатын болып жолға қойылды. Ал 2018 жылдан бастап әр ауылдың өз дербес бюджеті қалыптастырылады. Бұл дегеніміз, әрбір азаматқа өз ауылын дамытуға байланысты мәселелерге қатысу мүмкіндігімен қоса, «Біз кімбіз?», «Бұл өмірдің мәні неде?», «Ауылымыз үшін не істедік?» деген сауалға жауап беретіндей міндет жүктейтінін жадымыздан шығармауымыз қажет. Енді әр ауылдың салығы өздеріне түсіп, өздері жарататын болғандықтан, ауыл тұрғындары, қауымдастық мүшелері салық төлеуден жалтарып жүрген немесе кәсіппен айналысқанымен заңды тіркелмеген кәсіпкерлерді тіркетіп салығын төлету үшін жергілікті әкімдікпен бірлесе жұмыс жасауы тиіс деп ойлаймын. Әрине міндет — ауыр, шаруа — шаш етекпен болғанымен ортақ іске жұмыла кірісуіміз керек.

Қазақтың тамаша сөзі бар «Сардар құласа, сарбаз тозады» деген. Сол үшін басшы болып мен, қосшы болып барша атқарушы орган өкілдері тәулік бойы тыным таппай тірлік кешуге тура келеді. Мен де өз тарапымнан аудандағы барлық елді мекендердің даму әлеуетіне талдау жасап отырамын. (Мониторинг қоса тігіледі) Байқағаным, негізгі ортақ проблемалар — ауыз су, аяқ су, жол, электр энергиясы сынды инфрақұрылымдар.

Дегенмен жаһандық және Республикадағы қаржылық дағдарысқа қарамастан аймақ басшысының қолдауымен ауданда бюджет қаражаты есебінен бірқатар инвестициялық жобалар іске асырылып жатыр. Аудан тұрғындары үшін аса маңызды мәселе - халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету болды. Мұның да орайы келді.

Жобалық құны 6 млрд 128 млн 265 мың теңге болатын Талап және Сырдария топтық су құбырының құрылысы басталды. Бұл жобаларды іске асырудың нәтижесінде 28 елді мекен тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілетін болады. Талап, Бесарық, Аққұм бекеттері және Кейден елді мекені топтық су құбырына биыл қосылса, 2016 жылдың соңына дейін Манап, Бесарық ауылдары және Кеңес елді мекені қосылатын болады. Қалған елді мекендер

2017-2019 жылдар аралығында кезең-кезеңімен сапалы ауыз сумен қамтылады.

«Ақбұлақ» бағдарламасымен «Түгіскен елді мекенінің ауыз су жүйелерін кеңейту және қайта құру» жұмыстарына Республикалық бюджеттен 487 млн 384 мың теңге, аудандық бюджеттен 56 млн 69 мың теңге, барлығы 543 млн 453 мың теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылды. «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында кенттің ауыз су проблемасы да бір жүйеге келетін болады.

Екінші бір күрделі мәселе — газдандыру болып келді.



Облыс әкімінің тікелей қолдауының арқасында келесі жылы қолға алынатын газдандыру жобасы мерзімінен бұрын биыл басталды. Осындай мүмкіндікті ел игілігіне пайдаланудың ықпалы орасан. Рас, табиғи газ пайдалану - тамаша табиғатымызды сақтаудың, экологиялық ахуалдың жақсаруының, тұтынушылық деңгейін жоғарылатудың бірден-бір кепілі болып табылады.

Осы мақсатта «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы Қызылорда өндірістік филиалы облыс бойынша жобалық құны 23,5 млрд теңгенің құрылыс-монтаж жұмыстарын барынша қарқынды жүргізуде. Оның 3 млрд теңгеге жуығы біздің ауданның үлесінде. Басқа аудандардан жұмысты 1,5 ай кеш бастасақ та, Жаңақорған кенті орталығына жоспарланған 283,4 шақырым газ құбырының 280,4 шақырымы жүргізілді. Кент ішіндегі газ тарату құбырлары мен 27 дана ШГРП орнатылды. 11 ШГРП пайдалануға берілді. Мұнан өзге 6 ШГРП сынамалық байқаудан өткізілуде. Он жеті тұрмысы төмен отбасыларына бюджеттен тыс қаржы көздерінен 2 млн 500 мың теңгеге ілеспе газ жүйесі орнатылды.

Келешегі барлық елді мекендер табиғи газға қосылатын болады.

(Тапсырыс беруші: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ;

Бас мердігер: «Астана Строй Концерн» ЖШС Құрылыс жұмысына жұмылдырылған жұмысшы саны 155 адам. Оның ішінде 135 жұмысшы жергілікті жерден алынып отыр.)

2015 жылы 22 маусымда қабылданған «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы жолдар мен нысандардың құрылысын салу, қайта жаңарту, күрделі және орташа жөндеуден өткізу, сондай-ақ облыс елді мекендеріндегі көшелердің кейбір мәселелері туралы» облыс әкімдігінің №50 қаулысына ауданымыздағы 28 елді мекеннің 374,9 шақырым болатын 463 ауылшілік көшелерін орташа жөндеу жоспары енгізіліп отыр. Алдағы уақытта бұл мәселер де шешімін табатын болады.

Рас, Кеңестер одағы ыдыраған дағдарыс кезінде бұрынғы кеңшарлардың теңгерімінде болған елді мекендердегі каналдардың көпшілігі иесіз қалған. Елді мекендерді аяқ сумен қамту үшін каналдарды тазалату мақсатында алдымен Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының теңгеріміне өткізуге жұмыс жасалып жатыр. Себебі аталған мәселені қаржыландыру ҚР Бірінші бюджеттік сыныптамасына сәйкес Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының құзырында. Осы мақсатта Өзгент, Екпінді, Сунаката, Манап ауылдарындағы каналдар мен тоғандардың құжаттарын рәсімдеуге 8 млн. 981 мың теңге аудандық бюджеттен қаржы бөлінді. Ал, Кейден және Жаңарық ауылдық округтеріндегі Жетітөбе және Р-22 каналдарын тазалауға 16 млн. 605 мың теңге бөлініп, тазаланды.

2014 жылы басталған «Жаңақорған кентінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту, жайластыру» жобасы бойынша 2015 жылға Республикалық бюджеттен 252 млн 890 мың теңге, жергілікті бюджеттен 3 млн 886 мың теңге, барлығы 256 млн 776 мың теңге қаржыға 23,9 шақырым тас жол са-

лынып, 778 метр ВЛ-10кВ, 15 532 метр ВЛ-0,4 кВ электр желілері жүргізілді және 3 дана КТПН орнатылды. Сонымен бірге, аудандық бюджеттен 41 млн 65 мың теңгеге 14 елді мекендерге (Жаңақорған-3, Шалкия-2, Келінтөбе-1, Аққорған-4, Қыркенсе-1, Төменарық-2,

Сүттіқұдық-1, Ақүйік-1, Бесарық-3, Байкенже-1, Жаңарық-2, М.Нәлібаев-2, Екпінді-1, Қыраш-1) 25 дана трансформатор сатып алынды.

Талдау көрсеткендей елді мекендерден жиналатын салықтық, салықтық емес түсімдер сол ауылға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың (мектеп, бала бақша, денсаулық сақтау ұйымдарын ұстауға, әлеуметтік жәрдемақыларға, инфрақұрылымдарға, шаруашылық құрылымдарына берілетін субсидияларға) 1 пайызын да құрамайды екен. Ал, ауданымыздың жылдық бюджетінің 26,6 пайызын ғана өз кірістеріміз құраса, қалған 73,4 пайызын жоғары тұрған бюджеттерден бөлінген қаражат көлемінде міндеттеме қабылдауымызға тура келеді.

Ағымдағы мәселелерді аудан бюджетінің мүмкіндігімен кезең-кезеңімен шешуге болады. Бірақ біздің межеміз мұнан әлдеқайда жоғары болуы керек деп есептеймін. Ағымдағы ахуалдың жетегінде қалып қоймай, елімізде жүзеге асырылып жатқан өзгерістердің ағынынан қалмай, жаңа бастамаларға ұмтылуымыз керек. Елімізде қолға алынып жатырған ірі-ірі жобалардан ауданымыздың сырт қалып қоймауына, өз үлесін алуына, қоматты инвестициялар тартуға жұмыс жасауымыз керек. Осындай ірі инновациялық жобалар ауданымызда іске қосылған жағдайда ғана халқымыздың әл-ауқаты артып, табысы молаяды.

Осы бағытта экономиканы әртараптандыру мақсатында «Шалкия» кенішіндегі қорғасын мырыш өндірісін «Самұрық Қазына» ұлттық қорымен бірлесе отырып игеру көзделуде. Бүгінде кен байыту комбинатының базалық жобасын әзірлеу аяқталып, детальдық жобалау жұмыстары қолға алынды. Жақын арада құрылысы басталады деген ойдамыз. Өткен жылдың мамыр айында «Самұрық Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Өмірзақ Шүкеевтің іс-сапары аясында кәсіпорында қорғасын мен мырышты терең өңдеуге бейімдеу және соның негізінде гидрометаллургиялық зауыт құрылысын салу жөнінде шешім қабылданды. Бұл өз кезегінде металлопрокат алуға мүмкіндік беретін жобаның келесі сатысы болып табылады.

Сонымен қатар, «Молль» неміс компаниясы «Тау Кен Самұрық» Ұлттық компаниясымен осы аумақтан біздің қорғасынды пайдалана отырып, аккумулятор зауытын салу жөнінде келіссөздер жүргізілуде.

Аймақ басшысы келесі жылы ветеринария жүйесін жетілдіру шараларының нәтижесінде буферлік аймақтан шығуды жоспарлап отыр. Бұл өз кезегінде Жаңақорғанда «Eurasia Agro Holding» ЖШС-нің жобалық құны 2 млрд. 520 млн. теңге шамасында болатын жылдық қуаты 7 мың тоннаға дейін қозы етін өңдейтін ет комбинатының құрылысын жобалауға мүмкіндік туғызады.

Жаңақорған ауданы Бесарық бекетінде «Eurasia Agro Holding» ЖШС-нің жобалық құны 5 млрд. 985 млн. теңге



ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

шамасында болатын жылына 12 750 тонна томат пастасын өндіретін, заманауи құрал жабдықпен жұмыс жасайтын зауыт құрылысын салу жобалануда (3,0 мың гектар жер телімі берілді). Зауыт жұмыс істеген кезде 600 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. Осы жоба Қазақстан мен Қытай арасындағы Үкіметаралық келісімге орай 10 млрд доллар көлемінде қол қойылған меморандум аясында қолға алынатын жобалардың қатарында болады.

Мұнан басқа «БК Қызылордацемент» ЖШС-нің қуаты жылына 750 мың тонна цемент өнімін шығаратын зауыт құрылысы, «Южшахтстрой» ЖШС-нің қуаты 75 мвт жел электр станциясы, «Жанакорғанэнерджи» ЖШС-нің қуаты 50 мвт күн электр станциясы, «Global Energy Company» ЖШС-нің Шалқия және Жайылма елді мекендерінің аралығындағы Жанбай өңірінде салынатын қуаты

24,94 МВт жел-күн электрстанциясы инновациялық жобасы, «Астана LPS пласт» ЖШС-нің полиэтилен трубалары зауыты, «Айзере» ЖК-нің қуаты жылына 1500 тонна әк өнімдерін шығаратын зауытының жобаларын іске асыру жоспарлануда. Жоба бастамашыларымен жобаны нақтылау жұмыстары жүргізілуде. (Жер телімдерінің алдын-ала таңдау актілері жасалған)

Жалпы алғанда 2015 жыл аудан үшін табысты жыл болды. Ауданымыз әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша облыста жетекші орындардан көрінді. Қалыптасып отырған күрделі жағдайларға қарамастан, бізде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында ілгерілеушілік бар. Жалпы өнім көлемі төмендеген жоқ.

Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда:
Өнеркәсіп өнімдері – 148,0 %;
Құрылыс жұмыстары - 128,8 %;
Тұрғын үй құрылысы – 108,4 %;
Сапалы ауыз сумен қамтылған тұрғындар саны–100,0 %;

Туберкулезбен аурушандық – 93,4 %.

Жалпы денсаулық сақтау саласына аурушандықтың алдын алу мақсатында, 102 млн. 119 мың теңгеге заманауи медициналық құрал-жабдықтар алынып, (оның ішінде: құны

9 млн. 900 мың теңге жаңа туылған сәбилерге және ересектерге арналған ИВЛ аппараты, 39 млн. 915 мың теңгеге УЗИ аппараты, 5 млн. 500 мың теңге нәрестеге арналған реанимациялық жиынтық, 5 млн. 408 мың теңгеге иммунологиялық анализатор, 41 млн. 396 мың теңгеге флюорография аппараты) өз ауданымызда күрделі ота жасау мүмкіндігіне ие болып отырмыз.

Білім саласында білім беру сапасын көтеруге бағытталған тиянақты жұмыстар өз нәтижесін берді. ҰБТ нәтижесі бойынша аудан көрсеткіші 81,6 баллды құрады. Бұл өткен жылғы орташа көрсеткішпен салыстырғанда 13,1 баллға өскенін атаған дұрыс. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орнына түскен мектеп бітірушілер саны 75-тен 293-ке өсіп, 4 есеге дейін артты.

«Серпін» бағдарламасы бойынша 191 түлек (2014 жылы 26 түлек) жоғары және арнаулы орта оқу орындарына түсті. Бұл облыста ең жоғары көрсеткіш.

Бұған қоса «Алтын белгіге» ұсынылған үміткерлердің 71,4 пайызы өздерінің үздік білімін дәлелдеп шықты (облыс бойынша орташа көрсеткіш 60 %). Бұл нәтижеге тоқмейілсуге болмайды, сапалы істерді сарқа жұмсауды жалғастыру керек. 2015-2016 оқу жылын да жақсы нәтижемен қорытындылау үшін аудандағы «Тау самалы» тынығу лагерінің базасында мектеп бітірушілерге сапалы білім беру мақсатында Алматы, Қызылорда қалаларының ЖОО-ның білікті мамандарымен келісімдер жасалып, ҰБТ-ға дайындық жұмыстары басталып кетті. Балалардың толыққанды білім алуы үшін жұмсалған қаражат - жарқын болашаққа салынған инвестиция деп білемін. Халықтың жылдам өсуі әлеуметтік инфрақұрылымға, атап айтқанда мектептерге, бала бақшаларға, емханаларға едәуір қажеттілік тудырғанымен өзге өңірлердегідей бізде апаттық және үш ауысымдық мектептер жоқ. Бүлдіршіндердің бала бақшамен қамтылуы жоғары. (Республика бойынша бұл көрсеткіш 78,6%)

Бүлдіршіндердің бала бақшамен қамтылуы – 100,0 %;
Ұйымдастырылған жазғы демалыспен қамтылған оқушылар саны – 104,4 %;
Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнімі – 100,0 %;
Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 103,0 %;
Шағын кәсіпкерлік аясында жұмыспен қамтылғандар саны – 102,4 %;
Ауылшаруашылығының жалпы өнімдері – 130,9 %;
Мал басы орташа - 102,9 %;
Құс – 109,2 %;
Алынған төл орташа – 105,8 %;
Мал өнімдері орташа – 102,1 %;
Жүк тасымалы – 103,8 %;
Жолаушылар тасымалы – 104,5 %;
Ашылған жаңа жұмыс орындары – 118,0 %;
Экономикалық белсенді халыққа шаққанда жал-



пы жұмыссыздық деңгейі – 5,2 %, ресми жұмыссыздық деңгейі – 0,6 %-ды құрады. Жұмыссыздықтың ресми деңгейі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 25%-ға төмендеген.

Бұл жетістіктердің барлығы ат төбеліндей ғана мемлекеттік қызметшілердің емес аудан халқының, ауыл еңбеккерлерінің, шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлердің, қала берді мектеп оқушыларының да еткен еңбегі мен қосқан үлесі.

Мұнан бөлек 2015 жылы 821 млн 944 мың теңгеге әлеуметтік нысан құрылыстары жүргізілді. Оның ішінде:

Талап станциясындағы 100 орындық №254 мектеп құрылысына 194 млн 554 мың теңге;

Жанакорған кентіндегі 250 келушіге арналған емхана құрылысына 338 млн 847 мың теңге;

Түгіскен елді мекенінде дәрігерлік амбулатория құрылысына 41 млн 474 мың теңге;

Бесарық ауылындағы 150 орындық ауылдық клуб құрылысын аяқтауға 11 млн 709 мың теңге;

Бесарық бекетіндегі 150 орындық ауылдық клуб құрылысына 56 млн 918 мың теңге;

Жанакорған кентінде дене шынықтыру - сауықтыру кешенінің құрылысына 178 млн 442 мың теңге (Бүгінгі таңда құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.);


Автомобиль жолдары саласы бойынша Аудандық маңыздағы «Әбдіғалпар-Төлегатай-Хорасан ата»

15 шақырым автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстарына аудандық бюджеттен 106,0 млн теңге;

«Самара-Шымкент-Аққұм» 12 шақырым автомобиль жолының құрылыс жұмыстарының жоба-сметалық құжаттарын жасау және мемлекеттік сараптамадан өткізу үшін облыстық бюджеттен 3 млн 500 мың теңге;

Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу жұмыстарына аудандық бюджеттен 27 млн 800 мың теңге;

«Самара-Шымкент-Кеңес» автомобиль жолын және су өткізу құбырын қалпына келтіру жұмыстарына аудандық бюджеттен



ӘУЛИЕЛІ ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ



6 млн 800 мың теңге;
Жаңақорған кентіндегі Ә. Молдағұлова көшесін орташа жөндеу жұмыстарына 23 млн 900 мың теңге;
Төменарық ауылының ауыл ішілік жолдарын орташа жөндеу жұмыстарына 27 млн 100 мың теңге;
Түгіскен ауылының ауыл ішілік жолдарын орташа жөндеу жұмыстарына 26 млн 500 мың теңге;
Бірлік ауылының ауыл ішілік жолдарын орташа жөндеу жұмыстарына 27 млн 500 мың теңге;
Барлығы 249 млн 100 мың теңгеге осы жоғарыда аталған жұмыстар атқарылды.
Сонымен қатар, алдағы жылдары атқарылатын жобалар үшін 2015 жылы 18 млн 729 мың теңгеге әлеуметтік нысан құрылыстарының жоба-сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. (Атап айтқанда: 3 мектеп, 1 бала бақша, 2 дәлгерлік амбулатория, 1 ауылдық аурухана, 1 денешынықтыру-сауықтыру кешені жобалары)
Оның ішінде: Түгіскен елді мекеніндегі 140 орындық бала бақша құрылысы жобасына 3 млн 900 мың теңге;
М.Нәлібаев елді мекеніндегі 250 орындық №196 мек-

теп құрылысы жобасына 3 млн 430 мың теңге;
Қожамерді елді мекеніндегі 200 орындық №162 мектеп құрылысы жобасына 451 мың теңге;
Аққұм елді мекеніндегі 100 орындық №221 мектеп құрылысы жобасына 2 млн 359 мың теңге;
Төменарық елді мекеніндегі 40 орындық ауылдық аурухана құрылысы жобасына 5 млн 500 мың теңге;
Сүттікүдық елді мекеніндегі дәрігерлік амбулатория құрылысы жобасына 1 млн 189 мың теңге;
Сунаката елді мекеніндегі дәрігерлік амбулатория құрылысы жобасына 1 млн 189 мың теңге;
Түгіскен елді мекеніндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысының жобасына 711 мың теңге.
Жаңақорған ауданы аумағында ауыл шаруашылығы айналымына тартылған ауыл шаруашылығы алқаптарын түгіндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 2014 жылғы 12 мамырдағы №735-ө өкімімен комиссия құрылды.
Жаңақорған ауданы бойынша жалпы алғанда 606 шаруа қожалықтардың 316,9 гектар жеріне түгіндеу жұмыстары жүргізіліп, аудан әкімдігі тарапынан пайдаланылмай отырған жерлерді қайтару және рәсімдеу мақсатында шаруа қожалықтарымен қажетті шаралар атқарылды. Нәтижесінде 26 шаруа қожалықтың жал-

пы көлемі 3 040 гектар жер учаскелері мемлекет қорына қайтару туралы аудан әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі №55 қаулысы шықса, 13 967 гектар жер құжаттары қайта рәсімделіп айналымға қосылды. Қазіргі таңда қалған 21 116 гектар жер учаскелері 2015 жылдың 18 желтоқсандағы №275 қаулысымен бір жақты жойылды.

Өңірде шағын және орта бизнестің дамуы қарқын алып келеді. Белсенді әрекет ететін шағын және орта бизнес субъектілері тұрғысынан алғанда да өзге аудандардан ілгерілеу байқалады. Ауданда белсенді әрекет ететін субъектілер саны 2014 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6,5% ұлғайды.

2015 жылы шағын және орта бизнесте жұмыс істейтіндердің жалпы саны 11 мың 600 адамды құрады. Бұл жалпы халық санының 14 % тең. (Республикалық көрсеткіш 16,6%). Шағын және орта бизнесте жұмыс істейтіндер санының артуынан (2014ж-10800, 2015ж-11600) ресми жұмыссыздық деңгейі 25%-ға төмендеді (2014ж-0,8%, 2015ж-0,6%). Қазір қолдаудың арқасында «Қазақстанда жасалған» маркасымен Жаңақорғанда «Талдысу» минералды суы шығарыла бастады. Енді шикізаты өзімізден табылатын кірпіш (шлакоблок) өнімін дамытуға да ден қою керек. Жылыжай өнімін оңтүстіктен тасымалдамай өзімізден өндіруге де мол мүмкіндік бар. Оның да алғашқы нышаны бар. Бау-бақша егуге де тың жер жеткілікті. Шалқия кентінің төңірегінде де пияз егу үрдіске айналды. Осындай мәселелерді біз үнемі қолдауға алып отырамыз. Оны төмендегідей тізбеден де байқауға болады.

2015 жылы қаржы институттары арқылы шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 260 млн 675 мың теңгеге жуық несие бөлінді. Атап айтқанда:

«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша 16 жұмыссыз азаматқа 34 млн. теңге;

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 4 жобаға 47 млн. 175 мың теңге (ЖК Божбанбаева заманауи тіс емдеу жабдықтарын алуға 4 млн 500 мың теңге, ЖК Азнабаев бетон, цемент, гипстен жасалатын құрылыс заттарын шығаратын цехты кеңейтуге 21 млн 300 мың теңге, «Дархан 2006» ЖШС Темір бетон құрылыс заттары цехын кеңейтуге және ағаш өңдеу цехын ашуға 6 млн 500 мың теңге, «Ернұрбек» ЖШС мебель жасау цехын ашуға 14 млн 875 мың теңге);

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша 16 жобаға 113 млн. 600 мың теңге несие алынды (жылдық жоспар 450 бас мүйізді ірі қара сатып алу белгіленген болса, 856 бас сатылып алынып 190 пайызға артығымен орындалған. Бағдарламаға қатысу көрсеткіші бойынша республикада 26, облыста 1-ші орында);

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша 5 жобаға 30 млн. 900 мың теңге несие алынды (1006 бас уақ мал мен асыл тұқымды қойлар сатып алынып, жылдық жоспар 69,4 пайызға орындалған). Бұл меже облыс бойынша ең жоғарғы көрсеткішке ие болып отырмыз.

«Құлан» бағдарламасы бойынша 4 жобаға 35 млн. теңге (жылдық жоспар 125 пайызға орындалған).

Осы орайда айта кететін жәйт, аталған бағдарламалар аясында қаржыландырылу көрсеткішімен біз облыста алдыңғы қатарда келеміз. Демек, бизнес жобалардың нақты жүзеге асуы өз жемісін көрсетті.


2015 жылы аграрлық салаға берілген субсидиялар көлемі 1 млрд 103 млн теңгені құрады. 2014 жылмен салыстырғанда 104,5% артық (2014 жылы-1млрд 90 млн теңге).

Мұнан өзге ауыл шаруашылығы өнімдерінің құнын тұрақтандыру бағытында 111 ауыл шаруашылығы құрылымын субсидиялауға 145 млн. 598 мың теңге бөлінді. Облыс бойынша жоңышқа көлемі 57780 га, аудан бойынша 17031 га егілді. Бұл көрсеткіш облыс бойынша егілген жоңышқаның 30 пайызын қамтиды. Сонымен бірге, аграрлық салада ет өндіру мен өндіріс көлемінің де өсуі байқалады.

Бұл саланы біз табанды түрде дамытатын боламыз. Аймақ басшысының ұйғарымымен соңғы 19 жылда бірінші рет мамыр айындағы облыстық малшылар слетінің біздің ауданда өткізілуі және алдағы уақыттарда жыл сайын Жаңақорған ауданында өткізілетін болып келісілуі кездейсоқтық емес. Біздің аудан ауыл шаруашылығы саласы бойынша облыстың көш бастар локомативіне айналды. Оған біздің әлі де толық мүмкіндігіміз бар деп сенемін. Ал, енді егін шаруашылығының басым бөлігіне күріш дақылы ие болып келді. Дегенмен қазіргі талап деңгейімен алғанда, суды аз қажет ететін дақылдарды орналастыру жақсы жүйемен жүзеге асты. Осы негізбен бүгінгі таңда 3708 гектарға мақсары егілсе, күріш көлемі 8000 гектардан 7636 гектарға азайды.

Құрметті жерлестер!

Ендігі кезекте, салық және бюджет саясатына арнайы



ӘУЛИЕЛІ ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТЫП КЕЛЕДІ

тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын. 2015 жылы жоғары болжамға қарамастан, кірістер болжамы (трансферттерді қоса есептегенде) 10 млрд 83 млн 896 мың теңгені құрап, 10 млрд 248 млн 623 мың теңгеге немесе 101,6 % орындалды. Оның ішінде өз кірістеріміз болжанған 2 млрд 721 млн 402 мың теңгенің орнына 2 млрд 886 млн 134 мың теңгеге, яғни

106,1% орындалды. Жалпы Жаңақорғанауданы бойынша мемлекеттік бюджетке (республикалық+облыстық+аудандық) түскен салықтық және салықтық емес түсімдер көлемі өткен жылмен салыстырғанда 173,1 %-ға артты (2014 жылы-8 млрд 43,3 млн теңге, 2015 жылы 13 млрд 924,7 млн теңге). Ал шығындар бөлігі 99,6 пайызға игерілді.

Елбасымыз айтпақшы, «Мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақ мерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады».

Мемлекетіміз бен экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты қолға алынды. Президенттің бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі «Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» стратегиясы жасалды. Сонымен қатар «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа жолдаған жолдауда көрсетілген міндеттер жүзеге асырылатын болады.

Біздің ендігі ортақ міндетіміз – жергілікті атқарушы билік те, депутаттар корпусы да, «Нұр Отан» партиялық активі және қоғамдық бірлестіктер де нәтижелі жұмыс істеуге тиісті. Ол үшін бізге мемлекеттік органдар қызметінің кәсібилігін арттыру қажет.

Сөз соңында ауданымыздың рухани - мәдени және спорт саласындағы серпілістерге назар аударсақ деймін.

Өздеріңізге белгілі, 2015 жылдың наурыз айында Қаратау бөктерінде «Нұрлы Наурыз» шарасы ұйымдастырылып, онда ұлттық дәстүріміз бен құндылықтарымыз дәріптелді. Республика көлеміне «Қазақстан-1» Ұлттық телеарнасы арқылы акпараттандырылды.

Жаңақорған ауданы өңіріндегі тарихи- мәдени және діни- рухани ескерткіштер арқылы қазақ халқының тереңде жатқан тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін қайта жаңғыртуды қолға алып, оны кеңінен насихаттау мақсатында үстіміздегі жылдың 1-ші жартыжылдығында «Туған жерге тағзым» атты деректі кинофильмнің түсірілімі өтті. Аталған бейнефильм «Қазақстан-1» Ұлттық арнасының «Алтын қорында» сақталады.

Осы жылдың маусым айында жерлесіміз, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Дүкенбай Досжанның өмір жолын, шығармашылығын келешек ұрпаққа насихаттау және еске алу мақсатында облыстық деңгейде ұйымдастырылған салтанатты шара Қызылорда қаласында аталды.

Сонымен бірге, 4 желтоқсан күні аудандық М.Көкенов атындағы Мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, көрнекті жазушы, көркем прозаның хас шебері жерлесіміз Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Дара акын, қарымды қаламгер» атты шығармашылық кеші ұйымдастырылды. Сондай-ақ, «Жүрекке жетсе жыр өлең» атты жергілікті акын, Тұрар Сүлейменовтің өлеңдер жинағының кітабы демеушілер арқылы жарыққа шығарылды.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай ардагерлерге құрмет көрсету, ескерткіш мемориалдарды қалпына келтіру шаралары үздіксіз жүрді. Мұнан өзге атаулы мереке, даталы күндер өз дәрежесінде аталып келеді. Ең бастысы, халықтың ынтымағы жарасып, елдік асыл мұраттарға бір кісідей атсалысып келеді.

«Жаңақорған-Көмек» қоғамдық қоры арқылы 2015 жылы ҰОС, еңбек ардагерлері және батыр аналарға Жаңақорған шипажайына 2 млн 360 мың теңгеге 35 жолдама алынды. 155 мұқтаж азаматтарға 7 млн 490 мың теңге, мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалар үшін иппотерапиялық шаралар мен сыйлықтарға 1 млн 750 мың теңге әлеуметтік көмектер көрсетілді.

Үстіміздегі жылдың мамыр айында Баспасөз күніне орай облыстық «Сыр-Медиа» ЖШС-нің ұсынысымен аймақ басылымдарының өзара тәжірибе алмасу мүмкіндігін жасау мақсатында облыстық журналистер форумы өткізілсе, маусым айында баспасөз қызметінің ардагерлері мен газеттің тұрақты спикерлерінің басын қосып, марапаттаулар жасалды, ардагерлер мен жас журналистердің тәжірибе алмасуы өткізілді.

Сәуір айында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай ұлттар татулығы мен ел бірлігін насихаттау мақсатында ауданға «Менің Қазақстаным» үгіт



– насихат поезы келіп, ауданның және ауданнан алыс – шалғай жатқан елді мекендер тұрғындарына құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша кеңестер беріп, соңынан Республикаға танымал өнер жұлдыздары аудан жұртшылығына өз өнерлерін ұсынды.

Елдің туын көкке көтерер спортшыларымыз Әлем, Азия чемпионатында және әскерилер арасындағы әлем ойындарында 3 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль иеленді. Олар халықаралық дәрежедегі спортшыларымыз еркін күрестен Дәулет Ниязбеков, Азамат Шағапұлы, Ғалымжан Өсербаев, гір тасын көтеруден ардагер спортшымыз аудандық Мәслихат депутаты Әлем чемионы Серік Ибрагимов және кеше ғана АҚШ-тың Хьюстон қаласында өткен Әлем чемпионатында ауыр атлетикадан Алмас Өтешов күміс жүлдегер атанғанына барлығымыз куә болдық.

Ұлттық ат спорт түрінен 100 пайыз Жаңақорған ауданының шабандоздары құрайтын Қызылорда облысының «Сейхун» құрама командасы 2015 жылдың 25 маусым –1 шілде аралығында Орал қаласында өткен жастар арасында көкпардан XI-ші ҚР-ның чемпионатын да II-орын иеленді.

Әрине, айта беруге айғақ іс аз емес. Қысқа уақытта осынша шаруаны атқаруға аудан халқы аянбай еңбек етті. Аудан орталығын сәулеттендіру, жарықтандыру жолында да біршама шаралар атқарылды. Бір кездері қараңғылық құшағында қалған кент аумағы қазір «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолынан көз салсаңыз, үлкен қаланың үміті жанып тұрғандай әсер әкеледі. Игі істің жалғасы ретінде «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолынан Жаңақорған кентіне дейінгі аралықты абаттандыру, көркейту жұмыстарына 2016 жылы аудандық бюджеттен 44 млн

930 мың теңге, Жаңақорған кентіне кіре беріс қақпадан бастап орталыққа дейін Қорасан ата көшесіне суағар (лоток), жаяу жүргіншілер жолы (тротуар), абаттандыру жұмыстарына

63 млн 464 мың теңге, барлығы 108 млн 394 мың теңге қаржы жоспарлап отырмыз. Бұл ежелгі Ұлы Жібек Жолының ізімен, Елбасының бастамасымен іске асырылған жобаға Жаңақорған ауданының қосқан үлесі деп бағалауға болады.



болды. Дәулет інім екеуміз аңға бірге шығып жүрдік.

Жалпы, тікұшақпен қасқыр алған қызық емес. Тез барасың, тез атасың. Ал, моторлы шанамен аңға шыққан бір ғанибет. Қасқырмен бетпе-бет шығасың. Алдымен оның ізін табасың, сосын артынан қуасың. Қасқыр сенің моторлы шанамен келе жатқаныңды жиырма шақырымнан сезеді. Сезімі сұмдық дамыған аң ғой. Оның ақылдылығы соншама, ол қашқан кезде аңшыны ойқырлы жерге апарып, адастырып кетуге тырысады. Оның сырын түсінгенше де біраз уақыт кетті. Талай рет шанадан төңкеріліп, қаншама рет жарақат алдым. Бірақ қасқырды көргенде денең шымыр етіп, өзгеше күй кешесің.

Менің мақсатым – малшылар мен шопандарға көмектесу. Елге көмектесем деген оймен қасқыр атуға шығамын.

Токтар ӘУБӘКІРОВ:

КИЕЛІ ҚАСҚЫРҒА КЕЗЕНГЕН МЫЛТЫҒЫМНЫҢ ҚАТЫСТАРЫ ШАШЫЛЫП ҚАЛДЫ



Қазақтың аңшылары да қасқырдың барлығын жаппай ата бермеген. Киелісін таныған. Сондай киелі аңға ұлтымыздан шыққан тұңғыш ғарышкер, Халық қаһарманы Токтар Әубәкіров те жолыққанын айтады. Батыр ағамызбен болған сұхбатта осы оқиға жайында сұрап білдік. Өзін көкбөрінің ұрпағымыз деп есептеген бабаларымыз қасқыр аңын ерекше киіе тұтқанын жақсы білеміз. Түркі қағанаты кезінде байраққа бөрінің суреті бейнеленсе, қасқырдың тырнағын, тісін тұмар ету үрдісі қазақта әлі бар. Өйткені, қасқыр – ержүректіктің, батырлықтың символы, оның иісінен жын-шайтанның өзі аулақ жүреді деген сенім бар.

– Аға, аңшылыққа шығып, қасқыр алатыныңызды жиі естиміз. Атқа мінгенде кез-келген қазақтың арқасы қозатыны секілді, аңшылық қасиет те бізге қанмен берілген секілді. Өзіңіз ұзақ уақыт бойы саясатта жүрдіңіз, мемлекеттік қызметтер атқардыңыз. Ал, аңшылықты қашаннан бері серік еттіңіз?

– Мен тек қасқыр аулаймын. Оның да өз себебі бар. Жас кезімнен ерекше қызметтер атқардым. Адреналин көп шығып отырды. Түрлі сынақтарға қатысты жұмысым аяқталған соң, дене-ме адреналин жетіспеді. Біраз ауыра бастадым. Алматыда Шымбұлақта шаңғы тептім. Осылай денсаулығымды күтетін болдым. Кейін Астанаға көшіп келдім. Сынайтын ұшақ жоқ, шаңғы тебетін тау жоқ. Не істеу керек? Алматыда жүргенімде жігіттер Ski-Doo деген моторлы шанасын сыйлаған еді. Соны Астанаға келіп біраз айдап жүрдім. Айналамыз жазық дала, көп жерлер бос. Бірде бір үйір қасқырдың кетіп бара жатқанын көрдім. Арттарынан қуып едім жетуге болады екен. Осылай шанамен қасқыр аулауды бастадым.

Тағы бір айтатын жайт, токсаныншы жылдары арнайы бұйрық шығып, бүкіл қыстақтардағы мылтықтарды жинап алған. Мал ұстайтын шопандардың біразы қарусыз қалды. Қолдағы малға шабатын ит-құс күрт көбейіп кетті. Мен ол уақыттарда Президенттің кеңесшісі болып жүргем. Бір күні Елбасы шақырып алып, маған осы бағытта арнайы тапсырма берді. Халыққа барып көмектес, тікұшақ сатып алғанда өң сынақтан өткізіп, елді аралап көр деді. Осылайша, регламентке сәйкес, тікұшақтардың арнайы маршрутымен ұшып жүрдім.

Ол кезде қасқырдың көптігі сонша, бір күнде елу қасқыр атып алған күндеріміз

– Сонда өзіңізді кәсіби аңшымын деп санамайсыз ба?

– Жоқ. Мен елге көмектесем деген оймен қасқыр атамын. Тек малмен күн көріп отырған елге көмектесем деймін.

Бір жылы Терісаққан өзенінің бойында қасқыр атып жүріп, бір қыстаққа бардық. Танып, үйіне шақырды. Үй иесі алты ағайынды әулеттің кенжесі екен. Қыстақ кеңес кезінен мал баққан әкесінен мұраға қалыпты. Ағалары қара шаңыраққа қалдырса керек. Сол жігіт мың жылқы, үш жүздей сиыр бағып отыр екен. Қойлары да біршама. Сөз арасында, әлгі жігіт биылғы қыста жетпіс жабағысын қасқыр жеп кеткенін айтып қалды. Қайталап сұрадым. «Қасқырға жем болған ұсақ-түйек малдың санын айтпай-ақ қояйын, рас жетпіс жылқымды қасқыр жеп кетті» деді. Сосын оған сол түз тағысына жем болған жабағыларының жартысының ақшасына қаншама қарда жүретін шана алатын едің деп кейідім. Рахатын көрер еді. «Болмаса мен сияқты азаматты жалда, жылына жетпіс жылқы берсең, бала-шағамның бәрін тастап, қасыңа келетін едім» деп әзілдедім. Сөйтсем, «Өй, аға, сізді жалдасам міндетті түрде ақы төлеуім керек. Ал, қасқырдың қыстаққа келмеуі де мүмкін ғой» деп әзіліме әзілмен жауап берді. Жарайды деп, шай ішіп шыққан соң, сол қыстақтың қасынан алты қасқыр атып алдым. Осындай азаматтарға көмектесіп жүрген жайым бар.

– Қасқырдың ақылдылығы жайлы аңшылардың арасында небір қызықты әңгімелер бар. Қайбір жылдары Қарағанды өңірінде қасқыр көбейіп, көмекке сізді шақырған екен. Сол сапарларыңызда қасқырлардың мұндай қасиетіне куә болған жоқсыз ба?

– Ондай оқиғалардың талайы болды ғой. Бір-екеуін айтайын. Бір аңға шыққанымызда қасқырды атқанда сәл мұлт кетіп, жаралап кеттім. GPS картама координаттарын жазып алдым да екіншісінің артынан қуа жөнелдім.

– Аға GPS картамен шығасыз ба?

– Әрине. Аңға дайындалып шықпасаң далада қаласың. Бес қаруың сай болу керек. Содан әлгі екіншісін шанама салып, жаралы қасқырға айналып келсем жоқ. Ізі де жоқ. Қар жауып, жасырып тастапты. Түсінбей қалдым. Қайда кетуі мүмкін? Мылтығымды алып айналып біраз жүрдім. Бір жерден жүннің ұшы қылтып тұр. Барсам, әлгі қасқырым қарға басымен сүңгіп кетіпті. Шамалап тұрып, басынан атып едім, ұшып тұрып, қайта құлады. Ол – жараланған қасқырдың айласы.

Ал, енді бір жолы арлан қасқырды

тастақтың үстімен қудық. Таудың үстіне шықты да жоқ болып кетті. Ары-бері қарап таппадық. Тауға шығып, винтовкамды алып, ойланып тұрсам қасқырым тастардың арасына кіріп кетіпті. Сол жерде оның қулығына тәнті болғаным бар.

Қайбір жылы бес-алты шанамен бір қасқырды бір шеті тік жартасты тауға қуып келдік те, таппай қалдық. Шығатын жер біреу ғана одан әрі құлама жар, оның биіктігі жиырма метрдей. Ар жағы жазық дала, бәрі көрініп тұр. Сосын жігіттерге айттым да, айналып түсіп, жар жағынан таудың үстіне қарай жайлап өрмелеп шыға бастадым. Қыстың күні. Өрмелеп келе жатсам, бір тастың арасында іздеген қасқырымыз тығылып жатыр. Ақылдылығын көрмейсің бе?! Енді оны жартас жағынан шығып қарамасаң көрмейсің. Қасқырдың қулығы деп айтқан дұрыс емес, оның ақылдылығы деп айтқан

Бір жыл кешірім сұрап, содан кейін ғана аңшылыққа қолым жүре бастады.

Ол қасқырды төрт күн бойы қуалап, ата алмадық. Төртінші күні бір өзім әбден шаршатып, болдырған қасқырға жеттім. Қасымдағы жігіттер артымда қалып кеткен. Күн батып қалған кез. Қасқыр маған қарап, шокиып отыр. Қасына барып, екеуміз сөйлесе бастадық. Қолымда винтовкам. Маған тесіліп отырған қасқыр бір кезде винтовкама қарап, қатты да қалды. Бір кезде винтовкамның оқ салғышы сырт етіп өзінен өзі жерге түспесі бар ма. Менде де кимыл жоқ. Жайлап орнынан көтеріле берген қасқырға «Мынаның ішінде әлі бір оқ бар, секірсең бірден өлесің» деп едім, түсінген секілді қайта отырды. Шанаға түсіп кеткен магазинді бір қолмен ақырын алып орнына салып қойдым. Әлі күнге дейін түсінбеймін. Күні бойы тау мен тастан түспеген магазинім қасқыр қараған сәтте қалай түсті?

Сөйтіп қасқырмен ар-басып отырғанда жігіттер де келіп жетті. Бұл қасқырды жайдан-жай атуға болмай-тынын бір түйсігім сездіріп тұрды. Өзі де бір дәу екен. Тістері деген аппақ. Ұзындығы есік пен төрдей. Қасқыр болса қорықтастан шокиып отыр. Суретке түсірдік. Айналып біраз қарадық. «Жігіттер, мынаны жіберейік. Жайдан-жай атпайық, жүз метрдей ұзасын, бір реттен атайық, тисе тиді, болмаса жөнімен кете берсін» дедім. Ажалы жеткен екен, бір атқаннан мұрттай ұшты. Қыстың күні болғанмен, күн жарқырап тұрған. Пысынап, сырт киімді шешіп жүргенбіз ғой. Аңшылық бітті, үйге қайтайық деп, өлген қасқырды шанаға салып, қырық шақырымдай жердегі көлігімізге қарай бет

жөн. Динозавр заманынан бері қасқыр мен крокодил ғана қалыпты ғой.

Мен сіздерге айтайын, басында қасқыр аулап жүрген шанамыз сағатына алпыс шақырым жылдамдықпен жүретін. Одан артық жүре алмайды. Үлкен кісілер К-700 тракторымен алатынбыз деп айтатын. Ауыр трактор сағатына 30-40 шақырым ғана жүреді. Уақыт өзгеріп, шетелдік шаналар келе бастады. Сосын 60 емес, сағатына 200 шақырым жылдамдықпен жүретін шананы міндік. Сол шанамен қасқыр қуғанда сағатына 80 шақырым ұстап отыр асың,



қасқыр сол жылдамдықпен бірдей жүгіреді. Айтайын дегенім, заманға қарай бейімделіп отыратын жануар ол – қасқыр. Біз мініп жүрген шананың даусы машинадан ащы келеді. Соның даусын танып, пәленбай шақырым алыстан ести сала қаша бастайды.

Табиғи түйсіктері керемет дамыған аң ғой. Қасқырдың бөлтірігі ішкі түйсікпен туады екен. Көкбөрінің миллиондаған жылдардан бері планетаны адамзатпен бөлісіп жүргені осы түйсігінің мықтылығынан болса керек. Циркке барсаңыз, басқа аңның бәрі бар да қасқыр жоқ. Қасқыр – қолға бағынбайды. Оның намысы бар.

– Мылтығыңыздың маркасы қандай?

– Түрлі мылтықтармен атып жүрдім. Он жылдай болды винтовкамен атам. Қасқыр ату – оңай емес. Жай мылтығың болса, алысқа жетпейді. Қатты аяз кезінде бесатарың қатып қалады. Винтовка әскери мылтық болғандықтан өте шыдамды келеді.

– Қазақ аңшылары «аңның киесі болады, кез-келгенін ата беруге болмайды» дейді. Аң қағып жүргеніңізде «киесі бар» аңдарға кезіккен жоқсыз ба?

– Біріншіден, аңғашыққанда қасқырдан басқасын атпаймын. Екіншіден, бір жолы киесі бар қасқырды атып алғаным бар.

алдық. Жолмен келе жатып, таудың ішіне кіріп едік, күн бірден бұлтанып, әп-сәтте аяз түсті. Араға жарты сағат өтпей жатып, дауыл көтерілді. Жігіттер шошып кетті. «Аға, не болды? Тоқа, тыныштық па? Жаңа ғана күн ыстық еді ғой» деп тонып, аяқ асты бәрі әбігер болды. «Бұл киелі қасқыр, табиғат өз патшасымен қоштасып жатыр. Мұнымыз ақымақтық болды» деп жауап беріп, қалған жолды эзер жүріп өттік. Машинаға жетіп, шаналар мен қасқырды жүк салғышқа тиіп, жылы жерге отырып едік, бір сәтте күн шығып, аспан шайдай ашылды. Қасымдағы жігіттер аң-таң болды.

Мен жылына кем дегенде 25, орта есеппен 50 қасқыр алатынымын. Келесі жылы мүлде жолым болмады. Оның үстіне, қыстай ауырдым. Эзер дегенде аңға шығып едім, бір қасқырды жабылып жүріп әрең атып алдық.

Ай толғанда қасқыр ұлиды, солардың түні болып саналады. Бір жыл бойы ай толған сайын киелі қасқырдан кешірім сұрап жүрдім. Содан кейін ғана аңға шыққанда қасқырларды атып ала бастадым.

– Өңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Олжас БЕРКІНБАЕВ, Skifnews.kz



БОС ОРЫНҒА ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

Мемлекеттік қызметшілерді және бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді тестілеу өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері 2014 жылдың 29 наурыздан бастап халыққа қызмет орталығы арқылы және электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталы арқылы жүргізіле бастады. ХҚКО-ға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушіге осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берген сәттен бастап - осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес ны-

сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушіге осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берген сәттен бастап - осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес ны-

сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті берушіге осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы берген сәттен бастап - осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес ны-



сан бойынша қолхатта көрсетілген күні және уақытта, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы құжаттарды тапсыру үшін күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт - 5 минутта беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық және қағаз түрінде жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыда жеке басын куәландыратын және жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) қамтылған құжаты болуы қажет.

Құжаттардың қабылданғанын растау «электрондық үкімет» веб-порталында қалыптастырылған осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу күні, уақыты және одан өту орны көрсетілген қолхат болып табылады.

Егер қызметті үшінші адам рәсімдесе, көрсетілетін алушы орталыққа сенімхат ұсынуы тиіс.

ХҚКО Жалағаш аудандық бөлім.

ТУУ МЕН ҚАЙТЫС БОЛУДЫ УАҚЫТЫНДА ТІРКЕУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Азаматтық хал актілерін тіркеу және олардың ішіндегі өзгерістерді уақытында және толығымен тіркеу – АХАЖ органдарының жұмысының маңызды қағидасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы және ззаматтық хал актілерін тіркеу Ережесі тууды тіркеудің екі ай мерзімін белгілейді. Перзентханада туған кезде, аналары тууды тіркеу тәртібі мен мерзімдері жөнінде кеңес алып, тууды тіркеу туралы өтінішті толтырады. Тууды тіркеу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет: перзентханамен берілген туу туралы медициналық анықтама, , егер некеде тұрған болса, неке қию туралы куәлігінің көшірмесі. АХАЖ органдары туу туралы акт жазбасын әзірлеп, ата-анасына баланың туу туралы куәлігін береді. Екі ай мерзім ішінде уақытында тіркелген туу туралы ақпарат – баланың тууына байланысты біржолғы жәрдемақы және ай сайын төленетін жәрдемақының уақытында алуына ықпал етеді. Екі ай мерзімі бұзған жағдайда, туу

Қайтыс болуды тіркеген кезде қайтыс болу туралы куәлік пен біржолғы жәрдемақы алуға арналған анықтамасы беріледі. Азаматтық хал актілерінің уақытында және толығымен тіркелмегені статистикалық деректердің бұрмалауына жол берілмейді.

ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімі.

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ-БОЛАШАҚ!

Жемқорлық – мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу.

Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің күрт асқынуына ұрындырады. Сонымен қатар жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жаппай жемқорлыққа салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарап екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкерлер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет (қысқаша Сыбайлас жемқорлық). 1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойды. Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң қабылдады.

ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімі.

МЕКЕНЖАЙ АНЫҚТАМАСЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда жұмысқа орналасамын деген азаматқа немесе коммуналдық төлем төлеу үшін де, сонымен қатар әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау кезінде де мекенжай анықтамасын сұратып жатады. Осы тұрғыда анықтаманы алу үшін «Халыққа қызмет көрсету орталығына» ұзын сонар кезекті күтпей-ақ үйде немесе жұмыс орыныңызда отырып алуға мүмкіндік жасалған.

Қызметті онлайн режимінде пайдалану үшін:

Порталда авторлану және «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасы бойынша өту.

Өтінімді толтыру және ЭЦҚ қол қою (электрондық цифрлық қолтаңбамен).

Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» тарауында өңделген анықтамамен танысу және талап етілген жерге ұсыну).

Егер де жақын туыстарына мекенжай анықтамасын алғыңыз келсе: Қызметті ХҚКО-да алу (қажетті құжаттар):

1. Жеке тұлғалар үшін:
 - көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);
 - нысан бойынша өтініш (жақын туыскандарына мекенжай анықтамасын алу үшін);
 - неке туралы куәлік не туу туралы куәлік (мекенжай анықтамасын жақын туыскандарына алу кезінде туыскандық байланыстарды растау үшін);
 - жақын туыскандарын қоспағанда, жеке тұлғаның осы адамға қатысты мекенжай анықтамасын көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін нотариалды куәландырылған келісімі.

Занды тұлғалар үшін:

- нысан бойынша өтініш;
- көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін куәландыратын сенімхат;
- оларға қатысты ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға олардың жазбаша келісімімен мекенжай анықтамасына сұрау салынатын жеке тұлғалардың ЖСН көрсетілген тізімі (мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардан басқа).

Кейбір жағдайларда мекенжай анықтамасында қате немесе толық емес ақпарат берілуі мүмкін – мекенжайдың қате берілуі немесе тіркеуге тұрған күн көрсетілмейді. Бұл жағдайда мекенжай мәліметтерін түзету үшін өтінім беруші ХҚКО-ға барып, өтініш толтыруы қажет. Қажетті құжаттар: жеке басын куәландыратын құжат, азаматтарды тіркеу кітабының (үй кітабының) түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Мекенжай анықтамасындағы мәліметтер толық болмаған жағдайда (мысал ретінде – тіркеуге тұрған күн көрсетілмеген) мемлекеттік мәліметтер базасына нақтылық енгізу үшін ХҚКО-ның көші-қон қызметіне жүгіну қажет.

**Қызылорда қаласының ХҚКО
№1 бөлімі.**

ИНВЕТОРЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

Инвесторға мемлекеттік қызметті алу үшін әр түрлі ұйымдарға барудың енді қажеті жоқ. Инвестициялық жобаны іске асыру бойынша барлық қажетті мемлекеттік қызметті Инвесторлар ХҚКО-да қызмет көрсету бөлімдерінде «бір терезе» қағидасы арқылы ала алады.

Қазіргі таңда Қазақстанда инвесторларға қызмет көрсететін барлығы 19 бөлім жұмыс жасай бастады. Астана қаласында – 2, Алматы қаласында – 3, әр облыс орталығында 1 қызмет көрсету бөлімшесі қызмет жасауда.

2015 жылы мемлекеттік қызметті алу үшін бұл механизм инвестициялық басым жобаларды жүзеге асырушы инвесторлар үшін ғана мүмкін болды. Биылдан бастап бизнесін кеңейтуді шешкен әрбір инвестор түрлі кенестерді және барлық рұқсаттамалық құжаттарды осы жерден ала алады. Сонымен бірге, инвесторлар

жерді қолдану, құрылыс жұмыстарына қажетті ғимараттарды сәулеттік-жобалау, инвестициялық шартты бекіту және т.б. құжаттарды алу үшін осында жүгінеді.

Инвесторға өзінің сұранымы бойынша барлық құжаттарды дайындаса болды, ал қалған барлық үрдісті Инвесторларға қызмет көрсету бөлімдері орындап, бақылайтын болады. Енді барлық әкімшілік сатыларды өз бетінше өтудің қажеті жоқ. Барлық құжаттар көрсетілген уақытта дайын болады және инвесторға жіберіледі.

Инвесторға «бір терезе» қағидасы бойынша қызмет көрсетудің барлық процесі автоматтандырылады. Интернет жүйесінде тіркелуге, ақпарат алуға, сонымен қатар құжаттарды жеткізуді online режимде қарастыруға мүмкіндік бар.

Инвесторларға қандай да бір мемлекеттік қызметті алу үшін түрлі ұйымдарға барудың қажеті жоқ, «бір терезе» қағидаты арқылы барлық рұқсаттар мен лицензияларды алуға болады, бұл инвесторларға артылатын төрешілдік және әкімшілік жүктелімдерді айтарлықтай қысқартады.

Инвесторлардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жеңілдету инвесторларға бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін «бір терезе» қағидатын енгізудің арқасында мүмкін болды.

Құжаттар Қызылорда қаласы, Ғани Мұратбаев көшесі 2 Е, ХҚКО РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының №1 бөлімінде қабылданады.

**Қызылорда облысының ХҚКО-ның
баспасөз қызметі.**

ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ТАҒАЙЫНДАУҒА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Әлеуметтік қамсыздандыру - әлеуметтік қорғау жүйесінің халықтың еңбекке жарамсыз бөлігінің қажеттерін қанағаттандыруға және тұрмыс деңгейін қолдауға бағытталған тармағы.

Қызметті онлайн алу

1. Порталда авторлану немесе тіркелу.

2. Электрондық сұраныс жолдарын толтыру және «Қазпочта» АҚ немесе Екінші деңгейлі банкте («Ұлттық банк» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ) жеке шоттың нөмірін (IBAN) көрсету.

3. Егер өтініш беруші немесе отбасы мүшесі жұмыссыз болса, Еңбек нарығы АЖ тіркелу.

4. ЭЦҚ көмегімен электрондық сұранысқа қол қою.

Қызметті мемлекеттік органда қалай алуға болады

1. Қызмет алушының жеке куәлігі.

2. Туу туралы акт жазбасынан көшірме немесе баланың туу туралы куәлік.

3. Баланың туу туралы куәлігіндегі деректермен қызмет алушының деректері сай келмеген жағдайда некені тіркеу туралы куәлік.

4. Құжаттар түпнұсқасы негізінде толтырылған отбасы құрамы туралы мәліметтер.


5. Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы мәліметтер және нысан бойынша отбасы мүшелерінің алынған табыстары туралы мәліметтер.

6. Отбасының тұрғылықты жері бойынша тіркеуді растайтын құжат.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары тұтынушыға қайтарылады. Балаларға арналған жәрдемақыны алу құқығы токсан сайын отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтерді бере отырып расталады.

Ата-анасының біреуі, қорғаншылары немесе қамқоршылары жәрдемақы тағайындау туралы жеке өтініш жасай алмайтын жағдайда, ата-аналар, қамқоршы немесе қорғаншы белгіленген тәртіппен берілген сенімхат негізінде жәрдемақы тағайындау туралы өтінішпен баруға басқа адамдарға өкілеттік беруге құқылы.

**«ХҚКО» Қызылорда қаласының
№1 бөлімі.**



ЕЛІМЕН БІРГЕ ЕЛБАСЫ

ХҚКО РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының №3 бөлімінде 2016 жылдың 8 қаңтарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаңа жаһандық нақты ахуалда» атты қазақстан халқына жолдауымен танысу мақсатында жиналыс өтті.

Күн тәртібіндегі басты мәселеге сәйкес жиналыстың басты тақырыбы елбасының жолдауына арналды. Бөлім қызметкерлері өз кезектерінде жолауда айтылған басты мәселелерге нақты тоқтала отырып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда» атты жолдауы 4 бөлімнен тұрады. Еласбы жолдауында басты назарға алынған мәселе ол әлемдік деңгейдегі дағдарыс катерінен қазақстан халқын қиындықсыз өткізудің жолдарына, осы мақсатта орындалатын нақты мәселелер мен бағыт-бағдарға арналған.

Елбасы жолдауының I-бөлімі –жаңа жаһандық нақты ахуалдың сын-кәтерлері деп аталып, мұнда экономиканың дәл бүгінгі дамуына, оның даму жолының бәсең тұстарына нақты тоқтала отырып, қазақстан мемлекетінің өз шегіндегі шынайы мүмкіндіктерін пайдалана отырып, біртұтас іс-қимыл стратегиясын қолдану керектігін ұсынған.

Елбасы жолдауының II-бөлімі «қазақстанның дағдарысқа қарсы мүмкіндіктері» деп аталып, мемлекетіміздің бүгінге дейінгі басынан кешкен қиындықтары мен оларды жеңу жолындағы жетістіктері жайлы баяндала келе, дәл қазіргі сын сағаттағы дағдарыстан алдын ала белгіленген «Нұрлы жол», Қазақстан -2030» сияқты арнайы бағдарламалар аясында жасай отырып қауіп-кәтерсіз өту мүмкіндігіміз зор екендігін айқын көрсетілген.

III-бөлімде мемлекетіміздің дағдарысқа қарсы үш басты стратегиямыз әрі қарапайым әрі аса маңызды өсім, реформа, даму екендігі айтылған, өсім-ол-экономикалық өсу болып табылса, реформалар –экономикамен өаса қоғам мен мемлекеттік тұрақтылығын қамтамасыз етеді, сөйтіп, реформалар негізінде еліміз дағдарысқа қарсы үшінші стратегия-даму жолына көшеді делінген.

Ал, IV-бөлімде, дағдарысқа қарсы және құрылымдық жаңарулардың басты бес бағыты нақты да айқын түсіндіріле отырып, олардың жүзеге асырылу жолдары мен маңыздылығы туралы айтылған. Яғни, ең бастысы қаржы секторын тұрақтандыру негізінде, бюджет саясатын оңтайландыруға қол жеткізу шарт. Сондай-ақ, жекешелендіру мен экономикалық бәсекелестікті ынталандыра отырып, атап айтқанда ішкі ресурстарды барынша тиімді пайдаланып жаңа инвестициялық саясат негізін қалауға мүмкіндік жасау қажеттілігі алдыға қойылған. Міне, осы секілді басты басымдықтарды жүзеге асыра отырып, қазақстан мемлекеті жаңа әлеуметтік саясатқа қол жеткізеді,-дейді елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Қай кезде болмасын, елбасымыз халықтың әлеуметтік хал—ахуалын арттыру бағытында жұмыс жасайды, әркез халықтық тұрмыстық әл-ауқатын бірінші жолға қояды. Халық-мемлекеттің басты байлығы, сондықтан ең алдымен халықтың жағдайын жасау елбасының ғана емес әрбір азаматтың міндеті. Осы бағытта, елбасының жолдауында айтылған бағыт-бағдарды басшылыққа алаып жұмыс жасар болсақ, еліміз дағдарыс салдарын тартпай,әлемге төнген қауіп-кәтерден дін-аман шығары сөзсіз.

Қай кезде де елімен бірге елбасының өз халқына жолдауын біз қашанда халық болып қолдаймыз.

ХҚКО №3 бөлімі.

МОБИЛЬДІК ҚЫЗМЕТ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Халыққа қызмет көрсету орталығының басты міндеті- халыққа мінсіз, сапалы, оңтайлы қызмет көрсету. Мобильдік ХҚКО-осы бағытта арнайы құрылған бағдар.

Мобильдік ХҚКО аясында құрылған жұмыс тобының міндеті қала орталығынан шалғай орналасқан елді мекен тұрғындарына мемлекеттік қызметер бойынша қызмет көрсетіп, Халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу болып табылды. №3 бөліммен қала маңындағы Талсуат, Қараөзек, Қызылөзек, Қарауылтөбе елді мекен тұрғындары арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу басталып та кетті. Ауылдық округ әкімдіктерімен кездесулер ұйымдастырылып, алдағы міндеттерді айқындау бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Айта кетсек, 2015 жылы №3 бөліммен елді мекен тұрғындарынан 18 іссапар



негізінде 731 құжат қабылданып, өтініш иелеріне табысталған.

ХҚКО №3 бөлімі.

«ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН ТАҒАЙЫНДАП АЛЫҢЫЗ

«Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметіне құжаттар қабылдау жүргізілуде. 2016 жылдан бастап бұл қызметке өтініш қабылдау «Электронды Үкіметтің» веб-порталы арқылы да жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметті көрсету стандартына сәйкес талап етілген құжаттарды толық дайындау мүмкіндігі бар қазақстандық азаматтардың барлығына бірдей, яғни, аталған жерде тұратын, тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар аз қамтамасыз етілген отбасыларға тегін көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган анықтайды.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тұтынушы өз тарапынан жеке басын куәландыратын құжат, отбасының табысын растайтын құжат, тұрғын үйді күтіп ұстауға арналған ай сайынғы жарнаның мөлшері туралы шот, коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шот, телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек –шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Көрсетілен қызметтің аяқталу нысаны тұрғын үй көмегін тағайындау туралы хабарлама немесе оны тағайындаудан бас тарту себебі көрсетілген хабарлама болып табылады.

ХҚКО №3 бөлімі.

ҚАЙТАЛАМА КУӘЛІКТЕР АЛУ

«Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайтадан куәліктер немесе анықтамалар беру» мемлекеттік қызметін аумақтық әділет органдары халыққа қызмет көрсету орталықтары сонымен қатар өтініш берушінің азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайтадан куәлік немесе анықтама алуға электрондық өтініш беру бөлігінде электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Шалғай жатқан елді мекендердің тұрғындарының мемлекеттік қызмет көрсетуге қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметті Мобильді орталық арқылы көрсету де қолға алынған.

Шет елдерден азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайтадан куәліктер немесе анықтамалар талап етілген жағдайда аумақтық әділет органына жүгіну қажет.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

уәкілетті орган арқылы жүгінген кезде: құжаттарды ұсынған кезінен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде көрсетіледі Азаматтық хал актілері жазбалары басқа аумақтық бірлікте тіркелген жағдайда, ол туралы мемлекеттік қызметті алушыны 2 жұмыс күні ішінде хабарландыра отырып, қызмет көрсету мерзімі ұзартылады, бірақ мерзімі 30 күннен аспайды (құжаттарды қабылдау және беру күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді); Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік баж белгіленеді. Мемлекеттік қызметті алуға портал арқылы электрондық сұрау салынған жағдайда төлеу «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар немесе оның уәкілетті өкілі орталыққа:

- 1) қайтадан куәліктерді немесе мұрағаттық анықтамаларды беру туралы белгіленген нысандағы өтініш
- 2) бюджетке мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжатты немесе салық жеңілдіктерін беруге негіз болатын құжатты;
- 3) өкілдің уәкілеттілігін растайтын құжат ұсынады.

Қайтыс болуы туралы куәліктерден басқасы, қайтадан берілетін куәліктер тиісті акт жазбасы жасалған адамдар мен сенімхат берілген басқа тұлғаға (сенім білдірген өкіл) беріледі.

Қайтыс болуы туралы қайтадан берілетін куәліктер қайтыс болған адамдардың мұрагерлерінің тізіміне кіретін туыстарына беріледі.

ХҚКО №3 бөлімі.

СПОРТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІ АКРЕДИТТЕУ ТӘРТІБІ

Бүгінгі күні техниканың көмегімен уақыт үнемдей отырып бір күн ішінде көп жұмыс орындауға мүмкіндік бар. Бұл мүмкіндікке сіз «Электронды Үкімет» порталының көмегі арқылы қол жеткізе аласыз. Уәкілетті органға барып құжат тапсыруға мүмкіндігіңіз болмай уақыт жеткізе алмай жатсаңыз Электронды санды қолтаңба алыңыз да мемлекеттік қызмет түрін алу үшін Электронды Үкімет порталына өтініш бере аласыз.

Мәселен, Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасы атынан тиісті халықаралық ұйымдарда қатысушы болу құқықтарын таныту мақсатында аккредиттеуден үшін Электронды санды қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау /өтініш/, заңды тұлғаның құрылтай құжаттары сканерленген көшірме түрлері, зағды тұлғаның ережелері сканерленген көшірмелері, бірлестіктің спорт түрлері бойынша бағдарламалары іске асыруға қатысуы туралы ақпараттың сканерленген нұсқалары, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандық бойынша жоғарғы кәсіби білімі бар білікті кадрлардың дипломдары сканерленген нұсқада, спорттық секцияларға клубтар, топтар саны және оларда аталған спорт түрімен шұғылданатындардың саны туралы ақпараттық анықтаманың сканерленген нұсқасы электрондық сұрауға қоса жалғанады.

Бірлестік ұсынған құжаттар тағайындалған комиссия отырысында оның ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Бірлестік ұсынған құжаттар ереже талаптарына сәйкес дайындалған болса комиссия шешімімен аккредиттеу туралы куәлік беруге шешім қабылдайды. Аталған куәлік 4 жыл мерзімге беріледі.

ХҚКО №3 бөлімі.



Тарихты білмей тұрып қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Ол – өмірлік өсиет, ұлағатты сөз. Бұл тарих тағылымының тәрбиелік үлгісі, еңбек етудің алғы шарты болса керек. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсініп оның ішінде ғылымның, тәрбиенің, бүгінгі мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда тәрбие мен еңбек бөлінбестей берік, маңызды да мәнді рөл атқарады. Расында, адамзаттың жинақталған материалдық байлықтары қандай ұшан-теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да сондай көп. Бұлардың бірі баршаға бірдей қазына. Әбу Насыр әл-Фараби бұл қазынаның барлығын халық жасайды, ол адал да ерінбей еткен еңбектің жемісі деген болатын.

Әл-Фараби тәрбие мәселесін логикамен байланыстыра уағыздағанын білеміз. Ол «Ақыл мен түсінік» атты еңбегінде ақылдылық пен адамгершілік үлгілі тәрбиеге байланысты, оның негізі таза еңбекте, еңбек өз кезегінде тәрбиенің негізінен туындайды деген еді.

Еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты - жас жеткіншектерге еңбек туралы тәрбие беру және жеке адамды жан-жақты дамыту. Сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағдымен қаруландыру қабілеттілігін дамыту, мамандық таңдауға көмек беру болып табылады.

Қоғамның даму тарихына байланысты, соған сәйкес еңбек тәрбиесі әр түрлі нысанда дамыды, жетілді, өзгерді, жаңарып отырды. Чехтың ұлы педагогы Я.А.Коменский педагогикасының негізі – ынтымақтастық болғаны педагогика тарихынан белгілі. Демек, бұл тек педагогика емес, бүгінгі қоғамды қайта құрудың басты қағидасы – ынтымақтастық пен жариялылық принципмен үндес келіп отыр. Ол мектеп – балаға сүйіспеншілік, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейтін «адамгершілік шеберханасы» болуға тиіс деген көзқарасты насихаттайды. Осы негізде ол тәрбиені, осыған сәйкес жүргізу қажет деп есептеді.

Ағылшын педагогы Джон Локк тәрбиедегі Коменский ұсынған «табиғатқа сәйкестілік» еңбек және дене тәрбиесі арқылы жүзеге асатынын дәлелдеп берді. Ағылшынның табиғат зерттеушісі, жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін табиғи сұрыптау арқылы пайда болуы жөніндегі эволюциялық ілімнің негізін салушы Чарльз Дарвин еңбектің, еңбекке баулудың,

оның теориялық негізі – еңбек тәрбиесінің маңызын жоғары бағалаған еді.

Швейцария педагогы Генрих Песталоцци тәрбиесінің мақсатына баланың күшін дамыту жатты. Әртүрлі қимылға, қозғалысқа баланың өзі ұмтылады. Сөйтіп, Песталоцци дене тәрбиесін еңбек тәрбиесімен ұштастыра жүргізуді дәлелдеп берді.

жетістіктерін жете түсіну және оған өздері тікелей араласу, өндірісті білу, онымен жұмыс істеу тәжірибесін бойына сіңіріп отыру дейді. Сондай-ақ, ол «Балалар жұмыс істейтін бағы, бақшасы, аз да болса жері жоқ мектеп шын мәніндегі мектеп бола алмақ емес», - деп атап көрсетті. Сонымен бірге педагог ой еңбегі мен дене еңбегінің алмасып отыруына да ерекше

т.б. бейнелері арқылы беріліп отырған.

Қазақ халқы жастарды еңбекке баулығанда күнделікті кәсібіне, тұрмыс тіршілігіне байланысты төрттүлік малды бағып-қағуды, аң аулап кәсіп етуді ойластырған.

Халқымыз еңбек пен өнерді егіз санаған. Жүн иіріп, өрнек тоқу, киіз басып, үй жабу, ою ойып, сырмақ, түскиіз

Қоғамның басты талаптарының бірі – әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдағы байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосы, еңбекке адал, саналы қатынасу болып табылады.

Мектепте еңбекке тәрбиелеу – тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі.

Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп оқушыларының қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, сонымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет. Еңбекке

АДАМГЕРШІЛІК ШЕБЕРХАНАСЫ

Сондай-ақ, оқуды өнімді еңбекпен ұштастыру, соның ішінде қол өнері және ауылшаруашылық еңбегімен ұштастыру Песталоццидің педагогикалық теориясымен қызметінің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Песталоцци еңбек адамгершілікке үйретеді, балалардың бір-бірімен өзара және олардың ересектермен дұрыс қарым-қатынаста болуын қалыптастырады деп санады. Дұрыс ұйымдастырылған еңбек балалардың ақыл-ойын дамытады, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Осы негізде ол-еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты қоғам өміріне белсене қатысатын жан-жақты дамыған адамды қалыптастыру деп уағыздады.

Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда басты орын атқарған К.Д.Ушинский болды. Ол өзінің еңбегінде адамның жан-жақты дамуы үшін еңбектің маңызының зор екендігін көрсетті. К.Д.Ушинский өзінің «Еңбектің психикалық және тәрбиелік мәні» деген мақаласында еңбек тәрбиесінің мәнін арнайы қарастырады: Ал «Балалар әлемі», «Анатілі» оқулықтарында осы тәрбие жөнінен балаларға арнап саналуан материалдар жазды.

К.Д.Ушинский талаптарының ең бастыларының бірі - еңбексүйгіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Кімдекім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады деп білді. Ол баланың санасына сәби кезінен-ақ, еңбек етудің қажеттілігі мен маңыздылығын ұялатуды, пайдалы іс істеуге тырысуға және қандай істе болса да шын ниетпен ұқыпты орындауға тәрбиелеуді ұсынды.

Еңбек тәрбиесінің ең басты да, негізгі міндеттерінің бірі – жасөспірімдерді қоғамдық пайдалы, ауылшаруашылығының



мән берді. «Ой еңбегінен кейін дене еңбегімен айналысу жанға жайлы ғана емес, ол өте пайдалы тынығу» – деп есептеді. Қазақ ағартушыларының бірі Ы.Алтынсарин педагогикалық тақырыптағы өлеңдері мен әңгімелерінде, аудармаларында өнімді еңбек – еңбек тәрбиесінің құралы деп тұжырым жасады.

Абай нағыз пайдалы еңбек деп әртүрлі қолөнерді, егіншілікті және білім алуды, оқуды есептеді. Ақыл-білім алу күрделі еңбек арқылы келеді деп философиялық тұжырым жасады. Ол жастарды ең алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді ерекше бағалады.

Еңбектің бейнеті мен зейнетін басынан өткізген халқымыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Ер бала мен қыз бала тәрбиесін бөлісіп алған.

Еңбекті дәріптеп жастарға еңбек адамын үлгі-өнеге ретінде ұсыну «Аяз би» ертегісіндегі Аяз би, «Кер құла атты Кендебайдағы» Кендебай,

өрнектеу, тері илеп, баскиім тігу қыздар, әйелдер үшін ерекше өнер санаған.

Алтері, ағаш, темірмен байланысты кәсіптерді ер адамдар атқарған. Аяккіім (етік, мөсі, кебіс, шокай, шәркей тігетін етікшілік, қайыстан жүген тартып, өмілдірік, құйысқан, камшы, шідер секілді әбзел істейтін өрімшілік үлкен өнер болып есептелген. Ағаштан - ашамай, арба, шана жасайтын балташыларды темірден құралсайман еңбек құралдарын немесе әшекей зергерлік бұйымдар жасаушы ұсталарды халық жоғары бағалаған.

Халық педагогикасынан орын алған еңбек және еңбекке тәрбиелеу қазіргі педагогика теориясы қағидаларымен ұштасып жатыр. Еркін еңбек барысында өзінің және бүкіл қоғам мүшелерінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін адам материалдық және рухани құндылық жасайды. Шығармашылық еңбек барысында адам өз күшінің шамасын және қабілетін анықтайды.

тәрбиелеудің міндеттеріне еңбекке сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрметпен қарау, оқушыларды халық шаруашылығы салаларындағы еңбектің түрлерімен таныстыру, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру мен мамандықты таңдауға дайындау жатады.

Тұлғаның ақыл-ой, дене, адамгершілік және басқа жақтарынан дамуының нәтижесі оның мамандық таңдау даярлығына жеткілікті дәрежеде әсер ететін болады.

Бүгінгі заманда жұмысты жалпы адамзаттық құндылыққа, өзара түсінушілікке, ынтымақтастыққа бағдарлау мен құра білу табысты еңбек етудің кепілі болып табылады.

Әлима
ЗЕЙНУЛЛАҚЫЗЫ,
М.Ықсанов атындағы
политехникалық
колледжінің мұғалімі.

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ СҰЛТАН РАХМАНОВ ҚАЗАҚ ПА?

Сұлтан Сабырұлы Рахманов ауыр атлетикадан ең ауыр салмақта Мәскеу олимпиадасының жеңімпазы (1980), әлемнің екі дүркін чемпионы (1979-1980), екі мәрте әлем рекордшысы, өткен ғасырдың сексенінші жылдары дүние жүзінің ең күшті адамы ретінде Гиннестің рекордтар кітабына тіркелді. Интернет дерегіне сүйенсек, Сұлтан Рахмановтың аталары қазақ. Совет өкіметінің қанқұйлы саясатының салдарынан ХХ ғасырдың отызыншы жылдарында Қарақалпақстан Өзбекстанның құрамына беріліп, осы өлкені мекендеген қазақтардың басым көпшілігі күшпен өзбек болып жазылып кеткен. Сұлтанның әкесі Сабырдың өзбек аталуы осыдан дейді интернет көздері.

Сұлтан 1950 жылы Қарақалпақстанның Төрткөл деген жерінде дүниеге келіпті. Әкесінің тегі — қазақ, руы — қаңлы болса, анасы украин ұлтынан. Бұл кісілер екінші дүниежүзілік соғыс кезінде танысып, отау құрыпты.

Сұлтан 1966 жылға дейін Төрткөлде тұрған екен. Осы жылы ата-анасы Украинаның Днепропетровск қаласына көшіпті. Сол жакта Сұлтан украин қызы Галинамен көңіл ж а р а с т ы р ы п, біржола қалып қойған екен. Дене шынықтыру техникасына оқуға түскен Сұлтан бауыры Рүстеммен бірге спортқа ден қояды.

КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Эдуард Бровко сынды білікті бапкерден тәлім алған Сұлтан Кеңес одағының 3 дүркін чемпионы, 5 мәрте рекордшысы атанады. 1976,1978 жылдары Балтық кубогында жеке-дара шықса, 1978 жылы Лас-Вегаста «Әлем жұлдыздарының кубогын» жеңіп алады. 1979 жылы Токиода өткен ауыр салмақтылардың дүниежүзілік кубогында Рахманов қарсылас шақ келтірмей, жеңіс тұғырына көтеріледі.

Сұлтан Рахманов 1978 жылы әлем чемпионатының күміс медалін жеңіп алса, 1979 жылы әлем және Еуропа чемпионы атанды.

1980 жыл Рахманов үшін өте сәтті болды. Ол осы жылы даңқты Василий Алексеевтің олимпиадалық рекордын қайталап (қоссайыста 440 келі), Олимпиаданың алтын тұғырына көтерілді. Олимпиаданың күміс жүлдегері біздің чемпионнан 30 келі кем көтерді.

Қадірлі оқырман! Мәскеу олимпиадасында Жақсылық Үшкемпіров пен Шәміл Серіков күрестен Олимпиада чемпиондары болып, алаш жұртының мерейін өсірсе, енді міне, ауыр атлетикадан Мәскеу олимпиадасының жеңімпазы Сұлтан Рахманов қазақ азаматы деген дерек интернетте жарияланып отыр. Күш атасы Қажымұқанды өмірге әкелген қазақ халқынан Сұлтандай алыптың шығуы заңдылық деп білеміз. Әйтсе де, бұл дерекке толық көз жеткізіп барып, қалың оқырманнан сүйінші сұрағанымыз дұрыс болар.

Қыдырбек РЫСБЕКҰЛЫ
«Қазақ спорты» газеті

ЖАЗИРА ЖАППАРҚҰЛ:

ҚАРСЫЛАСЫМ — МАНЕЗА ЕМЕС, ӨЗІМ

Ауыр атлетикадан әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері Жазира Жаппарқұлға Рио олимпиадасына жолдама ұтудың өзі халықаралық жарыстан қиын тимек. Өйткені, жалғыз жолдамаға ие болу үшін ол Майя Манезамен бәсекеге түседі.

22 жастағы ауыр атлет Жазира Жаппарқұл Шымкентте биыл көктемде өтетін шешуші жарысқа (Қазақстан чемпионаты) дайындалып жүр. Бірақ Рио-де-Жанейро (Бразилия) олимпиадасына жолдама берілетін Шымкенттегі жарыс Жазира үшін халықаралық бәсекеден қиын болатын түрі бар. Өйткені, ол Лондон олимпиадасының чемпионы Майя Манезамен бір жолдамаға таласады. Сондықтан қазір ол университеттегі сабағынан (ОҚО мемлекеттік университеті, Шымкент – ред.) шыққан бетте жаттығу залына асығады. Жазира қазір күніне төрт-бес сағатын жаттығу залында өткізіп жүр.

ҮШ ЖЫЛДЫҚ БӘСЕКЕ

Жазира Жаппарқұл алғашқы халықаралық жүлдесін 2010 жылы Сингапурде өткен жасөспірімдер арасындағы жазғы олимпиадада алды. Ол бұл жарыста 63 килограмм салмақ дәрежесі бойынша алтын медаль иеленді. 2012 жылы Гватемалада өткен жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігінде де чемпион атанды.

Жазира шын қарсыласты жасөспірімдер арасынан жастар жарысына ауысқанда барып кездестірді. 2013 жылы Мьянмадағы жастар арасындағы Азия чемпионатында Жазира жиыны (штанганы жұлқа және серпе көтеру – ред.) 232 килограмм көтеріп, күміс медаль алып қалды. Ол бұл жолы алдағы үш жыл бойы бәсекелесі болатын Рио Ен Хюдан (Солтүстік Корея атлеті – ред.) 30 килограмм аз көтерді. Алтын жүлдені Ен Хю иемденді.

Екі спортшының жолы 2014 жылы Алматыдағы әлем чемпионатында, 69 килограмм салмақ дәрежесі бойынша тағы тоқайласып, алтын жүлдені бұл жолы да солтүстіккореялық атлет (265 килограмм нәтижемен – ред.) ұтып кетті. Ал Жазира Алматыда бәсекелесінен үш килограмм ғана аз көтеріп, тағы күміс медальді қанағат тұтты.

- Солтүстік Корея спортшысы - 69 килограмм бойынша мықты атлеттердің бірі. Азия чемпионатында одан 30 килограмм ұтылды. Алматыда үш килограмм жетпей қалдым. Ал 2015 жылы Хьюстондағы әлем чемпионатында одан оздым, - деді Жазира Азаттыққа.

«ӨЧ-ДЕ ЖҮЛДЕ АЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ»

Бірақ Хьюстондағы (АҚШ, 2015) әлем чемпионатында Жазира 256 килограмм нәтижемен күміс медаль иеленді. Алтын жүлдені қытайлық Сянь Яньмей (263 килограмм) алып кетті. Ал Солтүстік Корея спортшысы Рио Ен Хю 251 килограмм көтеріп 6-орынға түсіп қалды. Халықаралық ауыр атлетика федерациясы (IWF) сайты Жазира Жаппарқұлды «ауыр атлетикадан әлем чемпионатында жүлде алған алғашқы қазақ қызы» деп жазды.

Жазира Жаппарқұл үшін биыл көктемде өтетін Қазақстан чемпионаты шешуші жарыс болмақ. Себебі осы жарыста олимпиадаға баратын спортшылар тізімі анықталады.

- Шымкентте қазіргі бапкерім Вячеслав Ньюмен Қазақстан чемпионатына дайындалып жатырмыз. Осы жарыста олимпиадаға жолдама алсам деймін. «Сенің салмағыңда Лондон олимпиадасының чемпионы Майя Манеза бар. Рио жолдамасына Манезамен таласасың ба?» деп сұрайтындар көп. Менің басты қарсыласым - штанга, - дейді ол.

Ауыр атлетикадан Қазақстан құрамасының бас бапкері Алексей Ни «Жаппарқұл – Қазақстан ауыр атлетика мектебінің түлегі. Оның әлем чемпионатындағы күміс жүлдесін олимпиадада алтынға ауыстыруға мүмкіндігі бар. Тек жаттығуын тоқтатпауы тиіс» дейді. Ал Жазира жаттығуда жұлқа көтеруде 120 килограмм, серпе көтеруде 152 килограмм (қоссайыста – 272 кг) көтеріп жүргенін айтты.

- Жаттығуға жағдай жасалды - ұлттық құрама мүшесі ретінде стипендия аламын, облыстан (ОҚО) да қаржылық қолдау бар. Енді тек олимпиадаға дайындалып, жанкүйер үмітін ақтауым керек. Арманым - қыздар арасында қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы болу, - дейді Жазира Жаппарқұл.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында қазақ қыздары олимпиада ойындарында медаль алмаған. Ең үздік нәтижені 2004 жылы Афин олимпиадасында көркем гимнастикадан Әлия Юсупова көрсеткен – 4-орын.

Жазира ауыр атлетикамен айналысуды ерте жастан бастаған. Оны сегіз жасында алғаш рет ауыр атлетика залына алып келген — мектептегі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Дүйсенбек Құрманбеков. Мұғалімінің айтуынша, Жазираның ауыр атлетикамен айналысуына анасы қарсы болғанымен, әкесі рұқсат берген. Жазираның өзі «ауыр атлетика – менің өмірім» дейді.

Азаттық радиосы



Меншік иесі – «Алаш жолы – ХХІ» ЖШС

Бас редактор Нағымжан Сауяев Тілші - Рыскелді Жажман	Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	Басылым аптасына бір рет жарық көреді.
Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген. Күәлік №14434-Г.		Тапсырыс №878 Таралым 2000
е-mail: alash_zholy@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.	